

7 жылдық тарихы, 50 мыңнан аса авторы бар басылым

INTERNATIONAL SCIENTIFIC-EDUCATIONAL JOURNAL

 **EDUNews.KZ**
EDUCATIONAL NEWS AGENCY

E DUCATIONAL
S CIENCES
I NDEX



**Ұ Л Ы
ДА Л А** **ҰСТАЗЫ**

VOLUME II • №01 (80) • JANUARY 2026



РЕДАКЦИЯ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОГО ЖУРНАЛА
Электронная версия журнала
равнозначна бумажной версии
ТҮПНҰСҚА/ОРИГИНАЛ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ РЕДАКЦИЯСЫ
Басылымдық нұсқамен тең құқықта

Any reproduction of the materials or their extracts is only with written permission of the editors.
The editors are not responsible for the contents.
The editors' opinion may not coincide with the opinions of the authors.

SINCE JANUARY 2019

CONTENTS

Нурекенова Индира Акылбековна,	3
Болашаққа салынған ізгі жол	3
Сейтов Нұрболат Мұхитұлы,	4
Көп камералы бейне түсіруге арналған жабдықтарды дайындау	4
Байбалакова Жанат Дангыловна,	7
Тиыннан теңгеге: қаржы жолындағы квест.....	7
Акимов Мурат Магазович,	9
Студенттер медиа өндірісінің технологиялық үдерісімен танысты	9
Байсейтова Алия Токаевна,	10
Жеке бюджетті басқару: жоспарлау мен үнемдеудің жолдары	10
Кожаягулова Эльмира Абилмажиновна,	12
Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі	12
Оразымбетова Айнур Сейденовна,	16
Нарықта маркетингті зерттеу	16
Нурбеков Нурбол Абдыжапарович,	19
Баскетболдағы шабуыл ойынының техникалық және тактикалық дайындығын меңгереді	19
Бағдаулет Ақжан Талғатқызы,	22
Талшықты оптикалық кабелдерді монтаждау	22
Абдукодирова Айсулу Мирзалиевна,	25
АКТ пәндері бойынша цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу әдістемесі.....	25
Жолдасбек Ералы Жолдасбекұлы,	27
Балдәуреннің- бақыты балалармен	27
Ескермес Гүлмарал Серікқызы,	27
Бала мен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынас	27
Левен Андрей Андреевич,	29
Ресурсосберегающие лабораторные работы по химии: методические подходы и практическая реализация.....	29
Искакова Гульнар Умурзаковна,	30
Диалогты оқыту арқылы айтылым дағдысын жетілдіру	30
Темиртас Даметкен Аманкельдыевна,	31
Әдеби шығармаларды оқытуда жобалау технологиясын пайдаланудың ерекшелігі.....	31



НУРЕКЕНОВА ИНДИРА АКЫЛБЕКОВНА,
«Бағдарламалық қамтамасыздандыру және РЭТ» бөлімінің бөлім меңгерушісі
Алматы қаласы Білім басқармасының
«Almaty Polytechnic College» КМҚК

БОЛАШАҚҚА САЛЫНҒАН ІЗГІ ЖОЛ

Жас ұрпақтың арманы мен мақсатына жол ашып, білім мен ғылымның биігіне жетелеп келе жатқан білім ордасы-«Almaty Polytechnic College» биыл 85 жыл толып отыр.

Бұл мерейлі дата – тек тарихқа тағзым етер сәт қана емес, сонымен бірге жаңа белестерге бастар үлкен мүмкіндік. Мекеміміз жылдар бойы талай шәкіртке тағылымды тәрбие, сапалы білім беріп, саналы азамат тәрбиелеу жолында айрықша еңбек етіп келеді.

Ұстаздарымыздың қажырлы еңбегінің, шәкірттеріміздің білімге деген құштарлығының арқасында білім ошағы өз дәстүрі мен беделін қалыптастырып, талай жетістіктерге жетті.

Білім мен тәрбиенің сарқылмас қайнарынан нәр беріп, жас ұрпақтың санасына ізгілік пен парасаттылықты ұялатып жүрген ұстаздарымыз – болашаққа жол салып келе жатқан нағыз шамшырақ жандар.

Колледждің әрбір жетістігінің, биік белестерінің артында ұстаздардың өлшеусіз еңбегі жатыр. Бүгінде колледж ұжымының қажырлы еңбегінің арқасында талай шәкірт ел экономикасына үлес қосып, түрлі салада табысты еңбек етуде. Бұл – ұстаз еңбегінің мәңгілік жемісі. «Ұстаздық – ұлы іс» деген ұғым осы еңбектің шынайы бейнесін айқындайды.

Колледжіміздің мерейтойы – тек өткен тарихымызды еске алып қана қоймай, бүгінгі жетістіктерімізді саралап, болашаққа тың қадам жасайтын ерекше мереке. Осы орайда, «Радиотехника, электроника және телекоммуникация және бағдарламалық қамтамасыз ету» бөлімі колледж дамуының алдыңғы қатарында тұрған маңызды құрылымдардың бірі болып саналады. Бөлімде 14 оқушысы, 180 студент бар. Олардың ішінде:

Педагог- зерттеуші- 1

Жоғарғы санаты- 2

Модератор- 4

Бөлім ұстаздарының еңбегі – тек білім беру ісімен шектелмейді. Олар студенттердің жүрегіне мейірім ұялатып, болашақ мамандардың кәсіби жолын айқындап, қоғамға қажетті тұлға болып қалыптасуына жол ашып отырады. Ұстаздарымыздың әр сабағы – ойға азық, әр сөзі – өмірлік ұстанымға айналар тәлім-тәрбие мектебі.

Жаңа заман талабына сай білім беру, инновациялық әдістерді қолдану, студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту жолында аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздар – бөлімнің ғана емес колледждің де мақтанышы. Олардың қажырлы еңбегі болашаққа салынған ізгі жол, өшпес өнеге осы орайда қалалық, республикалық байқауларға қатысып жүлделі орындар иеленіп жүрген ұстаздарымыз: 2022ж. Педагогикалық идеялар панорамасы байқауының аймақтық кезеңінде- 1орынды Оразымбетова А. С.

2 орынды НурекеноваИ. А.

Зорынды Кожажулова Э. А. иеленсе,2024ж аталған байқаудың аймақтық кезеңінде арнайы пәндер оқытушысы Байбалакова Ж. Д.1 орын иеленіп, республикалық кезеңде 3 орын иегері атанды.

Бөлім оқытушылары Абдраймова А. А. , Байсейтова А. Т. , Рахметова Л. К. , Акимов М. М. , Сейтов Н. М, БағдаулетА. Т. аймақтық, республикалық кәсіби байқаулар мен олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

1. «Проф-білім: құзыреттілік, шығармашылық және жетістік», техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары арасында кәсіби құзыреттер байқауы аясында, 2-орын, 2025ж

2. Қалалық «Педагог шебер» -озат тәжірибе бағдарламасы аясында ұйымдастырылған Алматы қалалық «Ақылды сабақ-білім сапасын көтеру», 1-орын, 2025ж

3. «Жаңартылған энергетика: жаңа мүмкіндіктер мен талаптар» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция, «Жұмысшы мамандықтарының жаңа дәуірі: бүгінгі қажеттілік пен болашақтың мүдделері, 3-орын, 2025ж

4. «Педагогикалық идеялар панорамасы»,1-орын,2022ж

5. «Педагогикалық идеялар панорамасы»,3-орын,2024ж

6. Қалалық педагогикалық оқу, 2-орын, 2024ж

Бөлім студенттері аймақтық, республикалық және халықаралық кәсіби байқаулар мен олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып келеді.

Атап айтсақ: Бородаев Владислав- армрестлингтен республикалық, халықаралық жарыстардың бірнеше мәрте чемпионы атанды. Максимов Ақжол дронрейсинг бойынша халықаралық байқауда жүлделі І орын иегері. Алматы қаласындағы "Интернеттегі балалар" колледждерінің арасында еркін Әлішер, Мырзабекова Аружан, Нұрбекова Томирис челлендж - командасы байқауында -І орын алды РЭТ22-3тобы. "Jas Gala ""еркін Әлішер Мобилографиясы" бағыты бойынша студенттік шығармашылық фестивалі жүлделі орны және 200 000 теңге сертификат алды.

Жыл сайын бөлім түлектері еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие болып, байланыс, телекоммуникация, ақпараттық технология және өндіріс салаларында табысты еңбек етуде.

Оқу процесінде заманауи зертханалар мен тәжірибелік кабинеттер кеңінен қолданылып, студенттердің тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге жағдай жасалған.

Әлеуметтік серіктестермен, ірі өндірістік кәсіпорындармен және байланыс компанияларымен тығыз ынтымақтастық орнатылып, студенттердің кәсіби тәжірибеден өту мүмкіндігі кеңейді.

Бөлім оқытушылары үнемі өз кәсіби деңгейін арттырып, заманауи білім беру технологияларын енгізіп келеді.

Мақтанышымыз – осы бөлімді тәмамдаған түлектер бүгінде ел экономикасының әр саласында еңбек етіп, колледждің атын абыроймен шығарып жүр.

Колледждің мерейтойы – біздің бірлігіміздің, еңбегіміздің және жетістіктеріміздің жемісі. «Радиотехника, электроника және телекоммуникация және бағдарламалық қамтамасыз ету» бөлімі алдағы уақытта да сапалы білім беруді жалғастырып, жаңа белестерді бағындыра беретіні сөзсіз.








СЕЙТОВ НҰРБОЛАТ МҰХИТҰЛЫ,


Алматы қаласы Білім басқармасының
«Almaty Polytechnic College» КМҚК
«Бағдарламамен қамтамасыз ету және РЭТ бөлімі»
арнайы пән оқытушысы

КӨП КАМЕРАЛЫ БЕЙНЕ ТҮСІРУГЕ АРНАЛҒАН ЖАБДЫҚТАРДЫ ДАЙЫНДАУ

7	Мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> – Көп камералы түсірілімге қажетті техникаларды толық таныстыру. – Әр камераның міндетін, орналасуын және баптау тәртібін үйрету. – Студиядағы түсірілімге арналған техникалық схеманы дұрыс құруға дағдыландыру. – Камера операторлары мен режиссер арасындағы үйлесімді жұмысты қалыптастыру.
	Міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> – Білімалушылардың ой - өрісін, шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту; – Білімалушыларды өз бетімен ізденуге, теория мен тәжірибені байланыстыра отырып, жауапкершілігін, адамгершілігін арттыру; – Білімалушыларды шыдамдылыққа, сабырлыққа, ұжымда өзін ұстай білуге тәрбиелеу; – Мамандыққа деген қызығушылығын арттыру;
8	Күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> – Көп камералы түсірілімге қажетті барлық жабдық түрлерін атай алады; – Камералардың дұрыс орналасу схемасын құра алады; – Бейне, жарық, дыбыс бойынша бастапқы техникалық баптауларды орындайды; – Түсірілім алдында техникалық дайындық чек-листі толтыра алады.
9	Қажетті ресурстар	<ul style="list-style-type: none"> – «Көп камералы бейне түсіруге арналған жабдықтардың» – әдістемелік нұсқаулықтар жинағы, колледждерге арналған. – «Кәсіптік оқытуда бейне түсіру жұмыстары» – практикалық сабақтарға арналған нұсқаулық.
	Оқу - әдістемелік құралдар, анықтамалық әдебиеттер:	

	Техникалық құралдар-жабдықтар:	<p>– ҚР Еңбек қауіпсіздігі талаптары мен стандарттары жинағы – бейне түсіру құрылғыларымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік талаптары.</p> <ul style="list-style-type: none"> • 2–4 бейнекамера (SDI/HDMI) • Штативтер, стабилизатор (қажет болса) • Мониторлар (режиссерлік, камералық) • Коммутациялық жалғау кабельдері (SDI, XLR, HDMI, LAN) • Видеомикшер Мобильді ПТС (DATAVIDEO) • Интерком байланыс жүйесі • Жарық құрылғылары (Негізгі, Толықтаушы, Артқы жарық) • Дыбыс микрофондары (петличка, ручной, репортер)
Сабақтың барысы		
1	<p>Ұйымдастыру кезеңі (5 мин) :</p> <ul style="list-style-type: none"> – студенттермен сәлемдесу; – Сабақтың мақсаты мен міндеттерін таныстыру. – Қауіпсіздік техникасын ескерту. – Шығармашылық топты немесе қатысушыларды шағын бригадаларға бөлу. <p>Мотивация: тәжірибелік жұмыс арқылы ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.</p>	
2	<p>Білімді өзектендіру (15 мин) :</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Көп камералы түсірілім ерекшелігі <ul style="list-style-type: none"> • Тәжірибе жұмысының мақсаты: бірнеше ракурсты бір уақытта басқару • Артықшылық: динамика, монтажсыз ауысу, тікелей эфир 2. Қажетті жабдықтар тізімі 	<ul style="list-style-type: none"> • Камералар  • Жарық  • Дыбыс  • Байланыс жүйесі  • Мониторлық бақылау  • Бейнемикшер ауыстыру 
<p>Шеберлік сабақта көрсету:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Камераны құру және орнату <ul style="list-style-type: none"> • Штативке дәл орналастыру • Фокус, экспозиция, баланс 		

- Ақ баланс алу
- 2. Коммутация қосу жалғастыру процессі
- SDI/HDMI арқылы бейнемикшерге қосу
- Интерком байланыс құлаққаптарын орнату
- Дыбыс микрофонын қосу
- 3. Жарықтың негізгі үштік жүйесін көрсету
- Негізгі жарықты қою (основной свет)
- Толықтаушы жарықты қою (заполняющий свет)
- Қарама қарсы артқы жарықты қою (контровый свет)



4. Сурет сигналын режиссер пультіне шығару
- Камера 1 → Mix Араластыру, ауыстыру (смешивание)
 - Камера 2 → Preview Алдын ала қарау (предварительный просмотр)
 - Камера 3 → AUX Көмекші қосымша (вспомогательный)

3 Жаңа білім мен дағдыларды/кәсіби дағдыларды қалыптастыру (40 мин) .


Тәжірибе жұмысының тапсырмалары:

1. Камераны дұрыс қойып орнату
 - штатив биіктігін белгілеу
 - фокус, диафрагма, ISO таңдау
2. Ақ баланс алу
3. Жарықты қою
 - негізгі жарық
 - толтыру жарығы
 - артқы жарық
4. Коммутацияны қосып жалғастыруды аяқтау
 - камера → видеомикшер
 - микрофон → аудио интерфейс
 - режиссерлік монитор → бағдарламалық шығыс
5. Қысқа тест түсірілім жасау
 - режиссер 1 студент
 - камера операторлары 2–3 студент
 - дыбыс операторы 1 студент

Нәтиже: 30–40 секундтық көп камералы мини-сюжет.

4 Камера орналасу схемалары

- 2 камералық схема
- 3 камералық схема



- 4 камералық студиялық схема

Негізгі камера, композицияларды таңдау жақын крупный план, қозғалыс камера, жалпы план, орташа план камерасы

	 <p>АЛЫС (ЖАЛПЫДАН ЖОҒАРЫ) ПЛАН Extreme Long Shot</p> <p>ЖАЛПЫ ПЛАН Very Long Shot</p> <p>ТОЛЫҚ ПЛАН Long Shot</p> <p>ТІЗЕЛІК ПЛАН Medium Long Shot</p> <p>ОРТАША ПЛАН Medium Shot</p> <p>ЖАРТЫЛАЙ ІРІ ПЛАН Medium Close Up</p> <p>ІРІ ПЛАН Close Up</p> <p>ШЕКТІ ІРІ ПЛАН Big Close Up</p> <p>БӨЛШЕКТІ ПЛАН Extreme Close Up</p>
5	<p>Қорытынды жасап талдау</p> <ul style="list-style-type: none"> • Шығармашылық топтың жұмысы талданады. • Камера бұрыштары, жарық шешімі, дыбыс деңгейі тексеріледі. • Қателер мен ұсыныстар беріледі.



БАЙБАЛАКОВА ЖАНАТ ДАНГЫЛОВНА,
Алматы қаласы Білім басқармасының
«ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE» КМҚК
арнайы пән оқытушысы

ТИЫННАН ТЕҢГЕГЕ: ҚАРЖЫ ЖОЛЫНДАҒЫ КВЕСТ

1. Мақсаты:

Оқытушыларды қаржылық сауаттылықты қалыптастыруда квест-ойын технологиясын тиімді қолдану әдістерімен таныстыру, тәжірибеде қолдануға үйрету.

2. Міндеттері:

- Қаржылық сауаттылық ұғымының білім берудегі маңызын ашу
 - «Тиыннан теңгеге» квест-ойынының құрылымымен таныстыру
 - Ойын технологиясын сабақта және тәрбие жұмысында қолдану жолдарын көрсету
 - Оқытушылардың шығармашылық және әдістемелік белсенділігін арттыру

Семинар барысы




I. Ұйымдастыру кезеңі (5 минут)

- Қатысушылармен амандасу
- Семинар тақырыбы мен мақсатымен таныстыру
- Психологиялық ахуал қалыптастыру

- Топқа бөлу. Тенге және доллар арқылы

Презентация, қысқа бейнеролик

1. Қаржы терминін табу. Бір сөз жасырылады. Жеке әріптерді тауып жасырылған сөзді табады.
2. QR код арқылы әр елдің ақшаларын табу. Түсіндірме беру
3. Квест тапсырма «Сөзден -бизнеске»



Мақсаты: Берілген сөздерді пайдалана отырып, бизнес идея құрастыру, жоспарлау және қорғау. Квест шарты. Әр топқа сөздер жиынтығы бар конверт беріледі.

Топ барлық сөздерді міндетті түрде пайдаланып, бір бизнес ойлап табуы керек.

1-нұсқа: Сөздер жиынтығы (мысал)

- Тиын
- Онлайн
- Оқушы
- Үнем
- Кофе
- Уақыт
- Қызмет

Бизнес үлгісі (ДАЙЫН МЫСАЛ)

Бизнес атауы: «TiinTime» онлайн қызметі

Идея:

Оқушыларға арналған онлайн платформа, онда оқушы уақытын тиімді пайдаланып, аз тиыннан бастап үнем жинай отырып, пайдалы қызметтерді ала алады.

Қызмет түрі:

- Онлайн оқу бұрыштары
- Үнем картасы (күн сайын 50–100 тг жинау)
- Кофе-брейк форматындағы қысқа мотивациялық сабақтар

Клиенттер: Оқушылар мен студенттер

Қалай табыс табады:

- Айлық жазылым (1000–1500 тг)
- Серіктес кофеханалардан жеңілдіктер
- Онлайн қызметтер

«Тиыннан теңгеге» қағидасы:

Күн сайын аз тиын үнемдеу → ай соңында пайдалы қызмет алу

Қысқаша бизнес-жоспар (квест үлгісі)

Бөлім	Жауап
Клиент	Оқушылар
Мәселе	Уақыт пен ақшаны тиімсіз пайдалану
Шешім	Онлайн үнем + пайдалы қызмет
Табыс	Жазылым
Ұран	«Әр тиын – болашаққа қадам»

1-топ: Дүкен, Экология, Қайта өңдеу, Теңге, Жастар, Қызмет

2-топ: Мобильді, Тамақ, Үнем, Отбасы, Жеткізу, Уақыт


Әр топ осы берілген сөздерді пайдаланып бизнес үлгісін жасайды.

4. ЗУМ ойыны. «Тиыннан теңгеге» Әр топқа портреттер беріледі. Мысалы:

Суреттегі осы тұлғалардың ұлттық теңгеге қатысына байланысты осу ретімен орналастырады.

Тапсырманың дұрыс немесе дұрыс емес орындалғанын бейнеролик арқылы анықталады.

5. Рефлексия. Өрмекші өрнегі ойыны «Тиыннан басталатын ой» (әр қатысушы қаржы туралы бір сөз айтады) Семинардан алған әсерімен бөліседі.



Семинар соңында оқытушылар:

- Квест-ойынның құрылымын меңгереді
- Қаржылық сауаттылықты сабақта қолдана алады
- Өз пәніне бейімдеп тапсырма құрастыра алады
- Сабақта кейс тапсырмаларын орындау ережелерін меңгереді.

Қаржылық сауаттылық – бұл жеке тұлғаның табысын, шығынын, жинағын, инвестициясын, несиеcін, салықтарын және басқа да қаржылық процестерін дұрыс жоспарлап, тиімді басқару қабілеті. Бұл – қазіргі заманғы қоғамда өмір сүру үшін аса маңызды дағды.



АКИМОВ МУРАТ МАГАЗОВИЧ,
Алматы қаласы Білім басқармасының
«ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE» КМҚК
арнайы пән оқытушысы

СТУДЕНТТЕР МЕДИА ӨНДІРІСІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҮДЕРІСІМЕН ТАНЫСТЫ

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында «Almaty Polytechnic College» колледжінің Мамандығы: 07140900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»

Біліктілігі: 4S07140905 «Мультимедиялық және сандық жүйелер технигі» бойынша білім алатын РЭТ24-2 тобының студенттері үшін танымдық экскурсия сабағы ұйымдастырылды.

Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – студенттерді медиа және телевидение өндірісінің толық технологиялық процестерімен, кәсіби тележүргізушілердің жұмыс орнымен және заманауи телетехника – телекоммуникация қызметкерлерімен жақын таныстыру болды.

Алдымен студенттерге Қазақстан телеарнасының тарихы, оның еліміздегі ақпараттық кеңістіктегі рөлі және «Qazaqstan», «Qazsport», «Balapan», «Abai TV» секілді телеарналардың жұмысы жайлы қысқаша мәлімет берілді. Одан кейін студенттерді АСК - аппараттық студия комплексіне, жаңалықтар студиясына, режиссерлік бөлмеге және техникалық операторлар бөлмесіне апарып, тікелей эфирдің қалай дайындалатыны көрсетілді.

Осы мақсатта білім алушылар РТРК Республикалық телерадиокорпорациясының – «Qazaqstan» телеарнасында болып, телехабар дайындаудың барлық кезеңдерін өз көздерімен көрді. Студенттер әртүрлі бағдарламалардың идеясы мен сценарийін әзірлеуден бастап, студиялық түсірілім, бейнемонтаж, дыбыс өңдеу және дайын өнімді эфирге шығару жұмыстарына дейінгі өндірістік тізбекпен танысты.

Экскурсия барысында тележүргізушілердің студиядағы жұмыс тәртібі, суфлерді пайдалану ерекшеліктері, тікелей эфир кезіндегі жауапкершілік пен кәсіби талаптар туралы кеңінен ақпарат берілді. Сонымен қатар

телеоператорлар, режиссерлар және инженер-техник мамандар пайдаланатын заманауи құрылғылардың мүмкіндіктері көрсетілді.

Студенттер цифрлық бейнекамералар, жарықтандыру жүйелері, дыбыс жазу пульстері, монтаждау станциялары мен сигнал тарату кешендерінің жұмыс принциптерімен танысып, телекоммуникация саласындағы білімдерін тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік алды. Көп камералы түсірілім – бір мезетте бірнеше камера арқылы бір оқиғаның әртүрлі ракурстарын түсіруге мүмкіндік беретінін кәсіби өндірістік процеске екенін және мұндай түсірілім телебағдарламалар, концерттер, студиялық шоу бағдарлама, спорттық шаралар және тікелей эфир трансляциялау кезінде кең қолданылатынын студенттерге түсіндірді.

Мұндай тәжірибелік бағыттағы іс-шаралар болашақ мамандардың кәсіби көкжиегін кеңейтіп, таңдаған мамандығына деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар студенттерге заманауи өндіріс талаптарын түсінуге және өз білімдерін нақты салада қолданудың маңызын сезінуге жол ашады.



БАЙСЕЙТОВА АЛИЯ ТОКАЕВНА,
Алматы қаласы Білім басқармасының
«ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE» КМҚК
Жалпы білім беретін пәндер оқытушысы

ЖЕКЕ БЮДЖЕТТІ БАСҚАРУ: ЖОСПАРЛАУ МЕН ҮНЕМДЕУДІҢ ЖОЛДАРЫ

1. Мақсаты:

- Жеке және отбасылық бюджет құру;
- Қаржылық жоспарлау жүргізу;
- Қарыздан аулақ болу және несиелерді дұрыс пайдалану;
- Инвестициялау негіздерін түсіну;
- Қаржылық тәуекелден сақтану.

2. Міндеттері:

- Ақша айналымын түсіну (кіріс–шығыс) ;
- Қаржылық өнімдер мен қызметтерді (банк, сақтандыру, инвестиция) дұрыс пайдалану;
- Қаржылық алаяқтықтан қорғану;
- Ұзақ мерзімді қаржылық мақсаттар қою және оған жету жолдарын білу.



Қаржылық сауаттылық – бұл жеке тұлғаның табысын, шығынын, жинағын, инвестициясын, несиесін, салықтарын және басқа да қаржылық процестерін дұрыс жоспарлап, тиімді басқару қабілеті. Бұл – қазіргі заманғы қоғамда өмір сүру үшін аса маңызды дағды.

3. Негізгі бағыттары:

- Бюджет және жоспарлау

- Жинақтау және инвестиция
- Несие және қарыз
- Сақтандыру
- Зейнетақы жүйесі
- Салық сауаттылығы
- Қаржылық қауіпсіздік

4. Қаржылық сауаттылықты арттыру жолдары:

- Мектептер мен колледждерде арнайы сабақтар енгізу;
- Онлайн курстар мен тренингтер өткізу;
- Отбасында ақша жайлы ашық сөйлесу;
- Қаржылық мобильді қосымшалар қолдану (мыс: ZenMoney, CoinKeeper) ;
- Арнайы әдебиеттер оқу, кеңес алу.

5. Маңыздылығы:

Қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізеді;

- Қиын экономикалық жағдайларда дұрыс шешім қабылдай алады;
- Алаяқтарға алданудан қорғайды;
- Жинақ мәдениетін қалыптастырады.

4.1. Қаржылық алаяқтық: түсінігі, түрлері және белгілері

Қаржылық алаяқтық – бұл қолма-қол ақшаны, мүлкті немесе басқа материалдық құндылықтарды немендеу мақсатында жасалған заңсыз әрекет.

Бүгінгі таңда қаржылық алаяқтықтың көптеген түрлері бар, олардың ішінде ең көп тарағандары – **пирамидалар мен кибер алаяқтық**. **Кибер алаяқтық** – бұл цифрлық қаржылық алаяқтықтың бір түрі. Кибер алаяқтықтың ең көп таралған түрлері: фишинг, скимминг, вишинг, кардинг, квайшинг және сниффинг (іскеру).

КИБЕРАЛАЯҚТЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ:

Термин	Түсініктеме
Фишинг (Phishing)	Жалған веб-сайттар немесе кабарламалар арқылы жеке ақпаратты ұрлау
Скимминг (Skimming)	Банкомат немесе POS терминал арқылы банк картасынан деректерді көшіру
Вишинг (Vishing)	Телефон арқылы алаяқтық, егер шабуылдаушы банк қызметкері болып көрінсе және деректерді сұраса
Кардинг (Carding)	Ұрланған карталарды немесе олардың деректемелерін пайдаланып отырып, интернет-дүкендерде тауарларды заңсыз сатып алу
Квайшинг (Quishing)	QR кодтары арқылы фишинг
Сниффинг (Sniffing)	Wi-Fi немесе басқа желілер арқылы ақпаратты заңсыз жинау

Қазіргі заманда қаржылық сауаттылық әр адамның өмірінде маңызды рөл атқарады. Табысты басқару, ақшаны тиімді жұмсау, жинақтау, инвестициялау — осының бәрі қаржылық біліммен тікелей байланысты. Алайда, қаржылық сауатсыздықтың салдары ретінде адамдар жиі алаяқтардың торына түсіп жатады. Сондықтан заңсыз қаржылық схемалардан сақтану — әрбір азаматтың міндеті.

Заңсыз қаржылық схемалар — бұл халықты алдап, материалдық пайда табуды көздейтін жүйелер. Олардың кең таралған түрлері: қаржы пирамидалары, фишинг, жалған инвестициялық платформалар, интернет-дүкендер арқылы алаяқтық, жалған жұмыс ұсынып алдын ала ақша сұрау секілді әдістер.

Қаржы пирамидалары, мысалы, тез және көп табысқа уәде береді. Алайда бұл жүйе тек алғашқы қатысушылардың ақшасына негізделеді және соңында міндетті түрде құлайды. Ал фишинг арқылы алаяқтар жеке мәліметтеріңізді ұрлап, шоттарыңызды босатуы мүмкін.

Осындай заңсыз әрекеттерден сақтану үшін адам қаржылық сауатты болуы қажет. Бұл дегеніміз — ақша басқару ғана емес, қаржылық тәуекелдерді түсіну, күмәнді ұсыныстардан аулақ болу, ақпаратты тек ресми дереккөздерден тексеру.

https://www.canva.com/design/DAG37fIS44E/gAZbc-qXywHN0gME5cm1jw/edit?utm_content=DAG37fIS44E&utm_campaign=designshare&utm_medium=link2&utm_source=sharebutton

Отбасы қаржысы

Отбасылық бюджет

Отбасының белгілі бір кезеңге (айға, тоқсанға немесе жылға) арналған барлық кірістері мен шығыстарының жинағы. Отбасы қаржысын дұрыс басқару – қаржылық тұрақтылықтың, материалдық қауіпсіздіктің және өмір сүру сапасының маңызды кепілі.

6. Мысал:

Егер адам ай сайынғы табысын есептеп, қажетсіз шығындарды қысқартса, біртіндеп жинақ қалыптастырып, оны депозитке салып пайда таба алады.

Қорытынды:

1. Қаржы пирамидалары – Жоғары табыс уәде етіп, жаңа салымшылардың ақшасымен бұрынғыларға төлейтін жүйе.

2. Интернет алаяқтық (фишинг) – Банк картасы, жеке деректерді алдау арқылы алу (жалған сайттар, хаттар, SMS арқылы) .
3. Лжебанк қызметтері – Жалған банк немесе несие ұйымдары арқылы адамдардан ақша жинау.
4. Онлайн инвестиция алаяқтары – Қаржы нарығында табыс табуға уәде беріп, ақша тарту (Forex, криптовалюта) .
5. Жалған қайырымдылық қорлары – Қайырымдылыққа ақша жинаймыз деп алдайды.
6. SMS/телефон алаяқтары – "Жүлде ұтып алдыңыз", "шотыңыз бұғатталды" деген хабарламалармен ақша алдау.
7. Жалған жұмыс ұсыну – Жұмыс береміз деп алдын ала "құжат рәсімдеу" немесе "оқыту" үшін ақы сұрайды.
8. Кредит рәсімдеу алаяқтығы – Қарыз алуға көмектесеміз деп, алдын ала төлем сұрау.

Қаржылық сауаттылық – әр адамның өмірлік сапасын арттырудың және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізі.



Қорытындылай келе, заңсыз қаржылық схемалар — заманауи қоғамның күрделі мәселелерінің бірі. Біз олардан тек біліктілік пен сақтық арқылы ғана қорғана аламыз. Сондықтан, әр адам қаржылық сауаттылығын арттыруға, балалар мен жастарды да бұл бағытта тәрбиелеуге көңіл бөлуі тиіс. Өйткені, қауіпсіз қаржылық болашақ — саналы шешімнен басталады.



КОЖАГУЛОВА ЭЛЬМИРА АБИЛМАЖИНОВНА,
Алматы қаласы Білім басқармасының
«ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE» КМҚК
Тарих пәнінің оқытушысы

ҚАЗАҚСТАН ҚАЛА МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ РӨЛІ

7.	Мақсаты	Қазақстандағы қала мәдениетінің пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлін анықтау; Ұлы Жібек жолының Қазақстан тарихына қосқан үлесіне баға беру.
	Міндеттері	- Ұлы Жібек жолы бойындағы сауданың түркілік кезеңіндегі жандану себептерін түсіндіру; - Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан, күні бүгінге дейін сақталған қалаларды анықтау.
8.	Күтілетін нәтижелер	Ұлы Жібек жолының бағыттарын анықтайды; Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің өркендеуіне тигізген ықпалын айқындайды; Ұлы Жібек жолының тарихи маңызын анықтайды.
9.	Қажетті ресурстар	
	Оқу-әдістемелік жабдықтау, анықтамалық әдебиеттер	3. Е Қабылдинов Қазақстан тарихы 11 сынып (1 бөлім)
	Техникалық құралдар, материалдар:	1. Анықтамалық-нұсқаулық кестелер; 2. Мультимедиялық проектор; 3. Дидактикалық материалдар; 4. Смартфон; 5. Компьютер.
	Сабактың барысы	

1.	<p>Ұйымдастыру кезеңі (3 мин.):</p> <ul style="list-style-type: none"> -Білім алушылармен амандасып, көңілдерін сабаққа аудару. - Білім алушылардың құрамын түгендеу. - Сабаққа қалыпты жұмыс істеуге мүмкіндік жасау. 
2.	<p>Білімді өзектендіру (20 мин.):</p> <p>Үй тапсырмасын сұрау.</p> <p>Бүгінгі сабақта біз өзін-өзі бағалау парағымен жұмыс істейміз. Яғни, әр білім алушы өз белсендігін берілген шкала бойынша бағалап отырады (бағалау парақтары таратылады)</p> <p>https://www.thinglink.com/home қосымшасында жасалған тапсырмаларды орындау</p> <p>5 минут</p>  <ol style="list-style-type: none"> 1. Эрозия- қандай да бір нәрсенің жоғарғы қабатының толық немесе ішінара бұзылу үрдісі. 2. Суару қондырғылары - каналдар, арық- атыз желісі және басқа да техникалық құрылыстары бар суландыру қамтамасыз ететін жүйе. 3. Шығыр - егістікке су шығару үшін жасалған, су ағатын науасы бар қарапайым құрал. 4. Автохонды - белгілі бір аймақтың ежелгі жергілікті халқы. 5. Қалау - тұрмыстық салт, өзіне ұнаған затты, бұйымды үй иесінен сұрап алу. 6. Атпа – егінге су шығаратын қарапайым құрылғы. 7. Егіншіліктің орталықтары - Сырдария, Іле, Шу, Нұра, Орал, Ертіс өзендері мен Балқаш, Алакөл, Зайсан көлдері 8. Жылқы малы қай өңірде қолға үйретілді - Солтүстік Қазақстан 9. Егіншіліктен малшаруашылығына көшу уақыты? -Шамамен б. з. б II мыңжылдықтың соңы 10. Қазақ кілемдері тоқылу ерекшелігіне қарай қалай аталды? - түкті және тақыр <p>1. Тапсырма. Жұптық жұмыс.</p> <p>Қосымша ресурс - оқулық бойынша жұптық жұмыс. Шығармашылық тұрғыда өткен тақырып бойынша дайындалып келу тапсырылған болатын. (15 минут)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Көшпелі малшаруашылығы. 2. Егіншіліктің дамуы. 3. Қолөнер мен кәсіптер. 4. Ою-өрнек
3	<p>Жаңа білім мен дағдыны/Кәсіби білікті қалыптастыру (40 мин.)</p> <p>Сергіту сәті. « Базар ойыны»</p> <p>Қазір, құрметті білім алушылар мен қонақтар, біз «Базар» атты қызықты ойын ойнаймыз. Алдымен сұрақ: Базар деген не? – Базар – сауда жасалатын орын, адамдар тауар алып-сататын алаң. Біз де дәл қазір өз сауда базарымызды ашамыз. Базардың қашан ашылып, қашан жабылатынын мен хабарлап отырамын.</p> <p>Ойынның барысы:</p> <p>Алдарыңыздағы 5 қағаздың әрқайсына өз атыңызды жазып шығыңыз.</p> <p>(Мысалы: Айдана, Айдана, Айдана, Айдана, Айдана)</p> <p>Жазып болған соң барлық 5 қағазды ұқыптап бүктеңіздер.</p> <p>Енді бүктелген қағаздарыңызды түгелдей менің қолымдағы ыдысқа саласыздар.</p> <p>Ойынның шарты:</p> <p>Мен барлық қағаздарды жақсылап араластырып, жерге төгемін.</p> <p>Базар ашылғанда әрқайсыңыз тезірек өз атыңыз жазылған 5 қағазды тауып алуға тырысасыздар.</p> <p>Кім өзінің барлық 5 қағазын бірінші болып жинаса, маған «Таптым!» деп хабарлайды. Сол сәтте базар жабылады.</p> <p>Назар аударыңыз:</p> <p>Базар жабылғаннан кейін орындарыңыздан қозғалмайсыздар, ары-бері жүріп қағаз іздеуге болмайды. Яғни, базар жабылды – іздеу тоқтады деген сөз.</p> <p>Жаңа сабаққа көшу. «Ой талқы» стратегиясы. (5 минут)</p> <p>Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі». Алдыларыңызда басты көлік түйелер тұр және түйедегі қоржындарда Ұлы Жібек</p>

жолының басты тауарлары салынған. Ортаға сабақта белсенділік танытып жүрген 4 білім алушыны-топ басшылары ретінде белгілеп, ортаға шақырамын. Сіздерге тапсырма: әр түйенің қоржынындағы затты алып, сол заттың сұрағына жауап беру қажет.



Қойылатын сұрақтар реті:

- 1) Қаратаудағы Таңбалы тастағы түйенің суреті ненің символы саналды? (байлық пен күштің символы)
- 2) Төрт түліктің бірі - түйенің пірі? (Ойсыл қара)
- 3) Бір түйеге қанша кг жүк артылған? (200-250 кг)
- 4) Түйелер алыстан нені сезе алады? (құдық бар жерді, сулы жерді)

Сіздерге Ұлы Жібек жолының негізгі тауарлары болған — Алтын, Жібек, Асыл тас және Фарфор бейнеленген пазлдар ұсынылады. Әр білім алушы берілген пазлды құрастыра отырып, өз тобының атауын анықтайды. Пазл толық құрастырылғаннан кейін сол тауар атауы топтың ресми атауы болып табылады. Осылайша әр қатысушы өз пазлын жинау арқылы тиісті топқа бөлінеді.

Топтастырылу кезінде оқытушы түйе туралы қызықты мәліметтер келтіреді.

Сіздер топқа бөлініп болғанша, мен сіздерге түйе туралы қызықты мәлімет келтірсем. Сапардың сәтті болуы жолаушының көлігіне, яғни мініс аттары мен түйелерге де байланысты болды. Керуендегі түйелердің жүктері таңертең артылып, кешке ғана түсірілетіндіктен, түйе шыдамдылығымен ерекшеленетін. Түйе жазда 5 тәулік, қыста 20 тәулікке дейін шөлге шыдайтын жануар. Түйе ащы, тұщы сумен бірге, кеуіп кеткен құдықтың түбінен алынған лайды да ішеді. Құмды жерде адасқанда түйе құдық бар жерді алыстан сезіп, иесін құтқарып қалатын. Сондықтан да түйе көпестердің ең сенімді серігі болды.

Жаңа сабақты түсіндіру

Жаңа сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты таныстырылады.

Оқытушының түсіндірмесі:

<https://youtu.be/gCS1D0IQogE> 4 мин. бейнематериал көрсетілім.

Құрметті білім алушылар, назарларыңызға Ұлы Жібек жолы туралы бейнематериал ұсынылады.

Сіздердің бейнематериалды тыңдай отырып, негізгі мәліметтерді түртіп отыруларыңыз сұралады.

Бейнематериал бойынша пысықтау жүргізейік:

Қандай сандар айтылды? (1877 жылы; б. з. б. II ғасырдың ортасы, 138 жылы, 568 жылы, 7 000 км, 15 ғасыр)

Қандай адам аттары айтылды? (Фон Рихтгофен, Қытай императоры У-Ди)

Ұлы Жібек жолының бағыттары неге теңестіріледі? (адам ағзасын қоректендіретін қан жүйесіне ұқсас)

- 1877 жылы неміс ғалымы, географ фон Рихтгофен «Жібек жолы» атауын ұсынған болатын.

- б. з. б. II ғасырдың ортасында Жібек жолы Қытайдан басталып, Жерорта теңізіне дейін шыққан.

- Қытай императоры У-Ди 138 жылы Батыс елдеріне елшілік аттандырған.

- 568 жылы Түркі қағанаты мен Византия арасында Ұлы Жібек жолының бағытымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты.

- Ұлы Жібек жолының ұзындығы 7 000 шақырымнан асты.

- Ұлы Жібек жолының жұмысы 15 ғасырдан бастап, теңіз жолының дамуына байланысты өз маңыздылығын жоя бастады.

Сабақ түсіндіру.

1. Жібек туралы қызықты дерек. https://youtube.com/shorts/DF5ZUz31u3s?si=Fuiar_8qdNuhBSbi

1.20 мин. бейнематериал көрсетілім

Жібек - Ұлы Жібек жолындағы халықаралық валюта рөлін атқарды. Қытай археологтарының пайымдауынша, алғашқы жібек мата неолит дәуірінде, б. з. б. 2750 жылы жасалған. Яғни, адамзат баласы бұдан 5-6 мың жылдай уақыт бұрын жібек өндіруді білген. Жібек мата тоқылатын талшықты – піллә деп атайды. Пілләні жібек көбелегінің жұлдызқұрты береді. Жібек көбелегінің 20-ға тарта түрі белгілі. Жібек көбелегі шағылысқан соң, 600-700 жұмыртқа салады. Олар қыс бойы қозғалыссыз жатады. Тек көктемде, сәуір айында жылы жерге орналасқан соң, 10-12 күннен кейін жұмыртқадан кішкене жұлдызқұрттар өсіп шығады. Олар 30 күннің ішінде салмағын 10 мың есе өсіре алады. 3 күнде олар өте мықты (120-130 С ыстыққа төзімді), созылғыштық қасиеті жоғары, ұзындығы 1000-2000 метр талшықтан тұратын пілләні жасап шығарады. Жұлдызқұрт өзін осы жібек талшықтармен орай беріп, піллә түзіп, ақыры өзі сол пілләнің ішінде қалады. Жібек көбелегінің қуыршағы 10 күнде дамып, жетіліп, ақыры көбелекке айналады да, осы пілләні тесіп шығып, ұшып кетеді. Ересек тұт көбелегі ештеңемен қоректенбейді, тек 10-12 күн ғана өмір сүреді екен. Жібек матадан тігілген киім жұмсақ, жеңіл әрі жайлы болып келеді. Жібектің дезинфекциялық қасиетін білген адамдар табиғи жібек матадан

	<p>тігілген киімнің қатпарларына бунақаяқтылардың (бит, бүрге т. б.) ұя сала алмайтындығын да ертеден байқаған.</p> <p>Жібек матасын өндіру шаруашылығының мамандандырылуы, Жібектің табылу тарихы, жібек құрты құпиясының таралуы т. б. құнды мәліметтерді білу үшін Айтбала Махаеваның «Ұлы Жібек жолы» кітабын оқуға кеңес беремін.</p> <p>Ұлы Жібек жолына арналған көрме: Бұл көрме Қазақстандағы қала мәдениетінің қалыптасуы мен дамуында Ұлы Жібек жолының атқарған маңызды рөлін көрсетіп, ежелгі сауда байланыстары арқылы тараған қолөнер, тұрмыстық бұйымдар мен мәдени құндылықтардың бүгінгі дәстүрлі өнермен сабақтастығын паш етеді. Көрме Қазақстан қала мәдениетінің дамуына әсер еткен Ұлы Жібек жолының рөлін білім алушыларға таныстыру мақсатында ұйымдастырылды.</p> <p>2. Ұлы Жібек жолының қалалардың дамуындағы маңызы. Топтық жұмыс. Топтық жұмыс « Оймышты ара» әдісі бойынша 3 кезеңнен тұратын жұмыс жүргізіледі (мәтін таратылады)</p> <p style="text-align: center;">1 кезеңде Топтарға ақпаратты игеру (оқылым) 2 кезеңде Ақпарат алмасу (айтылым) 3 кезеңде Білім тексеру (тыңдалым)</p> <p>3 Топтық тапсырма: «Егер – онда – өйткені» әдісі Білім алушылардың ортағасырлық қалалардың (Испиджаб, Түркістан, Отырар, Талхиз/Талғар) экономикалық, мәдени, саяси өмірін түсініп, тарихи қиял арқылы сол кезеңнің «қала тынысын» қағаз бетіне түсіру қажет. Әр топқа бір қала беріледі. Топ мүшелері «Егер – онда – өйткені» құрылымын пайдаланып, сол уақыттағы қаланың тіршілігін сипаттайды. Ақпаратты сурет немесе коллаж түрінде қағаз бетіне түсіреді. Әр топ жұмыс соңында өз қаласының «тынысын» қорғайды.</p>
4	<p>Өтілген тақырыпты бекіту (10 мин.): Математикалық есеп:</p> <ul style="list-style-type: none"> • 1. $2624:2+16 (36 \times 9+127) -6541=1987$ • 2. $984+456+ (868:2) -1858=16$ • 3. $\sqrt{256}-\sqrt{9}-11=2$ • 4. $\sqrt{7056} \cdot 93- (406 \cdot 2) =7000$ <p>Жауабы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 1987-1997 жылдары ЮНЕСКО-ның «Жібек жолы диалог жолы» атты бағдарламасы жүзеге асты. 2-3. б. з. б. II ғасыр мен б. з XVI ғасырда Қытай мен Алдыңғы Азияны, Балтық жағалауларын байланыстырған сауда керуен жолдары. 4. Жолдың жалпы ұзындығы 7 мың шақырымнан асқан <p>1. Kahoot қосымшасында жасалған тест тапсырмалар негізінде бекіту</p> <p style="text-align: center;">Visit gosocrative.com and enter room name TARIHINT</p> 
5	<p>Бағалау (2 мин) Білім алушылардың алған білімдерін бағалап, журнал бетіне түсіру</p>
6	<p>Үй тапсырмасы (3 мин.): § 5-6 оқу, 47 беттегі шығармашылық тапсырмаларды орындау</p>
7	<p>Рефлексия (7 мин.):</p>  <p>Барлығы түсінікті Сұрақтарым бар Түсініксіз</p>



ОРАЗЫМБЕТОВА АЙНУР СЕЙДЕНОВНА,
Алматы қаласы Білім басқармасының
«ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE» КМҚК
Арнайы пән оқытушысы

НАРЫҚТА МАРКЕТИНГТІ ЗЕРТТЕУ

7	Мақсаты	Нарықта маркетингті зерттеу, қорытынды жасау
	Міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> Кәсіпкерліктің мағыналарын қолдану, түсіну;
8	Күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> Нарыққа әсер ететін тұтынушылар тобын анықтай біледі; Талдау қағидаларын түсінеді және тәжірибеде қолдана біледі; Сұхбат жасай білу және ондағы сұрақтар кезектілігін дұрыс ұйымдастыра алады
9	Қажетті ресурстар	Әдістемелік құрал: Кәсіпкерлік және бизнес негіздері. 10-сыныпқа арналған / С. А. Щеглов, Е. С. Дүйсенханов, А. М. Фазылжанова, А. А. Сейтенова — Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2019. — 112 бет.
	Оқу -әдістемелік құралдар, анықтамалық әдебиеттер:	
	Техникалық құралдар-жабдықтар:	<ol style="list-style-type: none"> Интерактивті тақта; Мультимедиялық проектор; Дербес компьютер, ноутбук, смартфон; Бейнефильмдер, аудиозаңбалар, презентациялар;
Сабақтың барысы		
1	Ұйымдастыру кезеңі (5 мин.): Ұйымдастырушылық-мотивациялық (5 мин.):	
	<ol style="list-style-type: none"> Сәлемдесу, студенттердің назарын сабаққа аудару Студенттердің сабаққа дайындығын тексеру 	
2	Білімді өзектендіру (15 мин.): wordwall платформасы арқылы берілген сұрақтардың дұрыс жауабын табу, талдау https://wordwall.net/da/resource/11214497/	
	<ol style="list-style-type: none"> Баға қызметі мен мәнін анықтайды Баға қандай факторларға байланысты белгіленеді? Бағаның тұтынушы шешіміне әсері қандай? Бағаны белгілеуде бәсекелестік қандай рөл атқарады? Акция мен жеңілдіктердің бағаға әсері қандай? 	
3		Жаңа білім мен дағдыларды қалыптастыру (40 мин.):



Маркетинг (ағылш. *marketing* — рынок, базар, өткізу, сауда) — кәсіпорынның (фирманын, бірлестіктің, т. б.) тауар өндіру-өткізу және сауда жасау қызметін ұйымдастыру мен басқару жүйесі. Маркетинг нарық дамуының жай-күйі мен келешегін зерделеуге негізделеді, тұтыну мен өндіріс өніміне (тауарға, көрсетілетін қызметке) сұранымды қалыптастырады, табыс алу мақсатымен рынокта тауарлардың өткізілуін тездетуге бағытталады. Маркетинг — сұранымды жан-жақты зерделеп, болжау, жарнаманы пайдалану, өндірісті ынталандыру, сақтау мен тасымалдаудың осы заманғы тәсілдерін, тауарлардың тұтынушыға жетуіне жәрдемдесетін тех. және басқа түрлерін қолдану негізінде кәсіпорынның жаңа өнімді әзірлеу, өндіру мен өткізу жөніндегі ұйымдық-техникалық, қаржы, коммерциялық және басқа қызмет түрлері жатады.



Маркетингiнiң мәнi мен мақсаты

Экономиканы, жарнаманы, инженерлік істі, психологияны, жоспарлауды, болжауды оңтайлы ұштастыру, яғни Маркетинг — тауарларды өндіру мен өткізу туралы ғылым. Оның негізгі мақсаты барынша көп пайда алумен бірге айырбас, тауарлардың тұтынушыға жеткізілуін тездету және өндірістік-коммерц. қызметтің тиімділігін арттыру арқылы нарықтың (адамдардың, фирмалардың, кәсіпорындардың) тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) сұранымын қанағаттандыру.

Маркетинг стратегиясы

Кәсіпорынның (фирманын) тауар өндіру-өткізу қызметінің перспективалық мақсатын, бәсеке нысанын, маркетинг тұжырымдамасын таңдау. Бос нарықты, нақты тұтынушыны іздеп табуды, кәсіпорын қызметінің рынокта басталуы мен аяқталуы мерзімін анықтауды, өнімнің (тауардың, көрсетілетін қызметтің) түрлері, оның сұрыпталуы, көлемі, сапасы, өзіндік құны ескерілетін бәсекелесу мен пайдалылық факторларын анықтайды, жарнаманы қамтиды. М. с-ның негізгі бағыттары: рынокты дамыту — сату көлемін ұлғайтуға не өндірістің тиімділігін арттыруға, фирма қызметін жақсартуға бағытталған өткізу жоспарын әзірлеу, жаңа тауар әзірлеу, “ескі рынокта” өткізілетін тауарлар номенклатурасын кеңейту, рыноктың бос орындарын толтыру, тауарлар рыногын ұлғайту, рыноктың географиясын кеңейту.

Нарықта маркетингті зерттеу

Нарықты зерттеу - арнаулы нарық немесе клиент жайында ақпарат жинау мақсатында ұйымдастырылған шара. Ол бизнес стратегиясының өте маңызды компоненті болып табылады. Бұл термин ұдайы маркетингтік зерттеулер терминімен шатастырылады, алайда мамандар маркетингтік зерттеулер маркетингтік үдерістермен, ал нарықты зерттеу нақты нарықпен қатысты екенін түсіндіреді.

Нарықты зерттеу бәсекелестердің арасында бәсекеге қабілетті болудағы ең үлкен факторлардың бірі. Нарықты зерттеу нарықтың қажеттілігін, нарық мөлшерін және нарықтағы жарысты анықтап, анализ жасайтын маңызды ақпаратпен қамтамасыз етеді. Нарықты зерттеу фокус-топ, жете сұхбат этнография секілді сапалық тәсілдерді қамтумен қатар, клиенттер арасында сауалнама, кайталама деректер анализі сияқты есептік зерттеулерді қамтиды

Әлеуметтік және ой-пікір зерттеулерді қоса қарастыратын нарық зерттеулері, түсінік алу немесе дұрыс шешім қабылдауда демеу табу мақсатында жасалатын, адамдардан немесе мекемелерден қолданбалы әлеуметтік ғылымдардың статистикалық және аналитикалық әдістердің қолдана отырып ақпарат жинау және талдау болып табылады.



SWOT анализ жасау



SWOT - бизнестің әлді (Strength), әлсіз тұстардың (Weakness), мүмкіндіктің (Opportunities) және қатердің (Threats) мөлшерін жазба түрде талдау. Белгілі бір мекемені құру барысында ғана SWOT анализ жасамай, сол мекеме қызмет етіп тұрған уақытта да жүргізу керек.

1. Strengths (Күшті жақтары) :

- Нарықты жақсы білу

- Тұрақты тұтынушылар базасы
- Жақсы жарнама мен брендинг
- Сапалы өнім немесе қызмет
- Онлайн маркетинг құралдарының болуы

2. Weaknesses (Әлсіз жақтары) :

- Бюджеттің шектеулі болуы
- Маркетингтік команда тәжірибесінің аздығы
- Бәсекелестерге қарағанда әлсіз жарнама
- Цифрлық маркетингті толық қолданбау
- Баға саясатының нақты болмауы

3. Opportunities (Мүмкіндіктер) :

- Жаңа нарықтарға шығу
- Әлеуметтік желілер арқылы тұтынушы тарту
- Интернет-дүкен ашу
- Серіктестермен бірігіп акциялар өткізу
- Тұтынушының мінез-құлқын зерттеу

4. Threats (Қауіптер) :

- Күшті бәсекелестердің болуы
- Бағаны түсіретін нарықтағы өзгерістер
- Клиенттердің қажеттілігі тез өзгеруі
- Теріс пікірлердің таралуы (әсіресе онлайн)
- Экономикалық тұрақсыздық



Пайдалы тұстары:

Нарықты зерттеу сұранысқа, тұтынушы қылығына, саудаға, өсу мүмкіндігіне қатысты нақты тренд ұсынуда жәрдемдеседі

Нарықты толығырақ түсінуге, сол арқылы өнімнің дизайнына, атқарымына және сұраныс болжамын жасауға көмектеседі

Ол бәсекелес мекемелерді зерттеп, түсінуге көмектеседі. Осы арқылы бизнесте сату үшін желеу табуға оңай болады

Нарықты зерттеу бизнес және индустрияда пайдасын тигізіп, инвестициялар бойынша қайтарым жоғары болғанын қамтамасыз етеді.

№1 тапсырма.

Нарық дегеніміз не?	
Нарық сегментін анықтау	
Нарықтағы маркетингтің маңыздылығы	

№2 тапсырма. Денгейлеп тапсырмалар орындау

4 **Өтілген тақырыпты бекіту:** (15 мин.): wordwall платформасы арқылы тестік жұмыстар орындау
<https://wordwall.net/da/resource/11214497/>

Тұрақты тұтынушылар мен тауарды үлкен көле дегі сатып алушыларға бекітіледі:

купондар

сыйақы

жеңілдіктер

тауар үлгілерін тарату

Транспорттық шығындарды келісе отырып бөлісуге байланысты баға:


Өндіріс орындағы;
Тұтыну орындағы

Әлемдік орындағы;
Тұрақты орындағы

Халықаралық орындағы;
Өсім орындағы

Маркетингтік зерттеудің пайдасы:

- Кәсіпкерге нақты әрі дәл шешім қабылдауға мүмкіндік береді
- Қателіктерді азайтады және шығынды үнемдеуге көмектеседі
- Сұранысы бар, өтімді тауар не қызметті ұсынуға жол ашады
- Нарықтағы өзгерістерге бейімделуге көмектеседі

	Қорытындылай келе, маркетингтік зерттеу – кез келген кәсіптің табысты болуы үшін қажетті құрал. Ол нарықты жақсы түсінуге және дұрыс бағытта даму жолын таңдауға мүмкіндік береді.
5	Бағалау (5 мин.): <ul style="list-style-type: none"> • Топтың дайындығын бағалау; • Белсенділік танытқан студенттерге алғыс айту, көтермелеу; • Баға қою
6	Үй тапсырмасы (3 мин.): Нарықта маркетингті зерттеудің маңыздылығын анықтау
7	Рефлексия (7 мин.): Шабадан, ет тартқыш, себет» Шабадан – болашақта қажет болатын ақпараттар Ет тартқыш - ақпаратты өңдеудемін Себет – барлығын себетке тастаймын <i>Сабақта алынған ақпараттарды қалай қолданатыныңды таңда</i>
	

НУРБЕКОВ НУРБОЛ АБДЫЖАПАРОВИЧ,

Алматы қаласы Білім басқармасының
«ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE» КМҚК
Дене тәрбиесі пәні оқытушысы

БАСКЕТБОЛДАҒЫ ШАБУЫЛ ОЙЫНЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТАКТИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН МЕҢГЕРЕДІ

7	Мақсаты	Доппен арнайы жаттығуларды орындау; қозғалыс, бұрылыс, тоқтау техникасын үйрену, баскетбол ойынының негізгі әдістерін меңгеру.
	Міндеттері	Баскетбол ойынының техникасы мен тактикалық дайындығын меңгеру.
8	Күтілетін нәтижелер	<p>1. Барлық білім алушылар орындай алады: - шабуылда және қорғаныста ойынның техникалық және тактикалық дайындығына ие болады - баскетбол ойынында техникалық және тактикалық әрекеттерді меңгеру үшін алға көтеру жаттығуларын орындайды</p> <p>2. Білім алушылардың көпшілігі орындай алады: - баскетболдағы техникалық әрекеттерді (қозғалыс, дриблинг, пас беру, рингке лақтыру, қорғаныс пен шабуылдағы әрекеттер, финттер) ажыратады.</p> <p>3 Білім алушылардың кейбіреуі: - баскетбол ойынындағы техниканы орындау техникасындағы және ойын жағдаяттарындағы қателерді түсіндіреді</p>
9	Қажетті ресурстар	
	Оқу -әдістемелік құралдар, анықтамалық әдебиеттер:	<p>1. Тілеуғалиев О. Алматы “Жазушы” Дене тәрбиесі</p> <p>2. Тойжанов С. Құлназаров А. Алматы “Жазушы” Дене тәрбиесі</p> <p>3. Баскетбол. Спорт для начинающих 2004</p> <p>4. Гомельский А. Я. Тактикий баскетбола. М. , Фис 66</p> <p>5. Зинин А. Детский баскетбол.</p>
	Техникалық құралдар-жабдықтар:	Ысқырық, секундомер, баскетбол добы.
Сабақтың барысы		
1	Ұйымдастыру кезеңі (5 мин.):	
	Сапталу. Сәлемдесу, түгелдеу. Спорт залында оқытушының пәрмені бойынша:	

	«Бір қатарда тұр! »; «Түзел! »; «Тік тұр! », «Санақ бойынша са-нал! », «Бірінші, екіншіге са-нал! », «Бір қатардан екі қатарға сап-тал, екі қатардан бір қатарға сап-тал! » «Оңға – бұрыл! »; «Оң иық ілгері – қадам бас! »
2	<p>Білімді өзектендіру (15 мин.):</p> <p>1. Жүру жаттығулар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Аяқтың ұшымен. • Өкшемен. • Аяқтың сыртқы қырымен. • Аяқтың ішкі қырымен. • Жартылай отырып. • Спорттық жүріс. <p>2. Жүгіру жаттығулары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жүгіру • Екпін алып. • Оң-сол қапталмен. • Орташы қарқынмен. • Қатты екпінмен. • Жүріс, демді қалыпқа келтіру. • Екі тізені көтеріп жүгіру. • Екі аяқты артқа сілтеп жүгіру. • Адымдап жүру • Секіртпемен секіру. • Оң, сол және екі аяқпен секіру • Екі аяқпен аяқты қайшылап секіру. • Артқа жүгіру. • Қатты жүгіру • Жүріске көшу • Демді қалыпқа келтіру. <p>3. Арнайы денеге жасалатын жаттығулар. Жалпы дамыту жаттығулары</p>
3	<p>Жаңа білім мен дағдыларды/кәсіби дағдыларды қалыптастыру (40 мин.):</p> <p>1. Баскетбол позициясы -Алдымен допсыз тіректі пысықтаймыз. Шарларды еденге қойыңыз. Біз стендті орындау техникасын талдаймыз: аяқтарыңызды стендке аяқтарыңызды алшақ қойыңыз және тізеде аздап бүгіңіз.</p> <div data-bbox="766 1299 1228 1500" style="text-align: center;"> </div> <p>Ең бастысы, дене салмағын екі аяққа біркелкі бөлу, қолдар сәл бүгілген, дене сәл еңкейтілген. Дене бұлақ тәрізді, әрекет етуге дайын. Бірінші сигналда сіз баскетбол позициясын алып, оған қатып қаласыз, екіншісінде сіз түзеліп, демаласыз. (3-4 рет қайталаңыз) . Тапсырма күрделене түседі, бірінші сигналда біз допты айнала бүйірлік адыммен қозғаламыз, екіншісінде - баскетболшының позициясында қатып қаламыз. (3-4 рет қайталаңыз) .</p> <p>2. Қорғаныс тірегі Бұл қалыпта аяқтар қатты бүгіліп, ақырын қозғалады, сырғымалы қадаммен, секірусіз, қолдар бүгіліп, бір-бірінен бөлінеді.</p> <p>3. Орында және қозғалыста дриблинг</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оң қолмен орында дриблинг (30с) , қозғалыста (30с) 2. Сол қолмен дриблинг (30с) , қозғалыста (30с) 3. Оң және сол қолмен кезекпен дриблинг (30с) <p>4. Секіру аялдамасы Бұл опция кенеттен тоқтату қажет болғанда қолданылады. Бұл екі аяқпен конумен секіру арқылы жасалуы керек, бірақ ойыншының тұрақтылығын камтамасыз ету үшін біреуі сәл алға қойылады. Ал қазір біз допты залдың айналасында кез келген әдіспен дриблинг жасаймыз, бірақ сигнал бойынша бірден секірумен тоқтату керек.</p> <p>5. Доппен бұрылады</p>

Бүгілген тірек аяқтың табанының алдыңғы жағында алға және артқа бұрылуларды орындаймыз. 1. Допты қолымызда ұстап, басқа ойыншыларды айналып өтуге тырысып жүгіру арқылы бұрылыстарға жаттығамыз.

2. Дриблинг бұрылыстары.


3. Допты артқа қарай дриблингпен бұрады.

6. Ойын жаттығуы


Бүкіл алаң бойына допты дриблинг, басқа ойыншылардың доптарын қағып алу, сіз ойыншылардың өздеріне қол тигізе алмайсыз. Біз допты тек қолымызбен түсіреміз. Кім допсыз қалды, сол ойыннан шығады.

Өткізілетін оқу тапсырмасының ережелері мен қауіпсіздік ережелері айтылып еске түсіріледі. Осыдан кейін білім алушылар келесі оқу тапсырмаларын орындайды:


Екі қолмен кеудеден лақтыру. Бастапқы жағдайда доп кеуде тұсында болады. Бір аяқ ептеп алдыға қойылуы мүмкін. Аяқтар ыңғайлы, орнықты жағдай жасап тұру керек. Денеге жоғары бағытталған қозғалыс беретін аяқтың созылуымен қатар олар жоғарыға қарай созылуы керек, допқа доға тәріздес траектория жасалу керек.



Бір қолмен иықтан беру. Бастапқы жағдайда доп иық тұсында бір қолдың білезігінде болады. Екінші қолы оны демеп тұруы мүмкін. Кезеңу кезінде баскетболшы доп беретін жаққа қолы бұрылып дененің қарсы қимылмен қолды алдыға созып допты қажетті бағытқа жібереді. Бастапқы жағдайда доп беретін қолмен әр аттас аяқ алға қойылады.



Жоғарыдан бір қолмен беру. Доптың бастапқы жағдайы, бір қолының білезігінде. Алға қозғалғанда қол жазылады да, білезік допты орап, берілімді аяқтайды.



Бір қолмен төменнен беру. Бастапқы жағдайда доп жамбас тұсында, бір қолдың білезігінде болады, алақан жоғары қарап, саусақтар алға созылады. Аз ғана кезенуден соң алға айналу бастайтын қозғалыспен орындалады. Білезік бірте-бірте ашылып, доп одан сырғанап түскендей болады. Ұшу биіктігі білезіктің қай мезетте ашылғанына байланысты болады. Қолды соза берген уақытта әр аттас аяқ алға адымдайды.

4 **Өтілген тақырыпты бекіту: (15 мин.):**

5x5 ойыны

5 **Бағалау (5 мин.):**

Сапталу. Жеке бағалау. Қателерді түзеу.

6 **Үй тапсырмасы (3 мин.):**

Ойыншылардың алаңда қозғалу техникасын үйрену. Баскетболдағы шабуыл ойынының техникалық және тактикалық дайындығын меңгеру

7 **Рефлексия (7 мин.)**

Студенттерді жақсы орындаған жұмысы үшін мадақтау.

Рефлексия (7 мин.):

Сабак барысында алған сезімін жеткізу

Бас бармак



Өте жақсы



Жақсы



Орташа

БАҒДАУЛЕТ АҚЖАН ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
Алматы қаласы Білім басқармасының
«ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE» КМҚК
Өндірістік оқыту шебері

ТАЛШЫҚТЫ ОПТИКАЛЫҚ КАБЕЛДЕРДІ МОНТАЖДАУ

Мақсаты:

Талшықты оптикалық кабельдердің құрылымы мен монтаждау технологиясы туралы теориялық білімдерін кеңейту және тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Талшықты оптикалық кабельдерді монтаждау технологиясымен таныстыру.
2. Талшықты оптикалық жалғау, дәнекерлеу және өлшеу барысында қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтайды.

Күтілетін нәтиже:

1. Талшықты оптикалық кабелдерді монтаждау және жалғау жұмыстарын өз бетінше орындайды.
2. Талшықты оптикалық кесу, тазалау және дәнекерлеу жұмыстарын жүргізеді.
3. Талшықты оптикалық желідегі сигнал сапасын тексеру және ақауларды анықтау әдістерін меңгереді.

Қатысушылар:

T24-2 тобының білім алушылары

Ұзақтығы:

1 сағат 10 мин

Қажетті құрал-жабдықтар:

Оқу-әдістемелік құрал-жабдықтар, анықтамалық әдебиеттер:

Талшықты оптикалық өндірушілерінің техникалық құжаттамалары (Corning, Fujikura, Sumitomo Electric).

Бейнематериалдар: «Талшықты оптикалық кабелдерді монтаждау және дәнекерлеу» – оқыту видеолары.

Тәжірибелік жұмыстарды орындау нұсқаулығы.

Техникалық құрал-жабдықтар:

- Талшықты оптикалық кабелдер
- Талшықты оптикалық дәнекерлеу аппараты
- Талшықты оптикалық тазалау құралдары:
- Спиртті сүрткіштер.
- Талшықты оптикалық кескіш.
- Қайшы және қысқыштар.
- Талшықты оптикалық адаптерлер мен коннекторлар.
- Жылу шөгінетін түтіктер.
- Дәнекерленген талшықтарды қорғау қорапшалары.

Мастер-класс барысы:

Мақсаты: жағымды атмосфера қалыптастыру, қатысушыларды белсендіру.

Шақырылған қатысушылармен амандасу, тақырыбы мен мақсатымен таныстыру.

Психологиялық сергіту: «АҚАУДЫ ТАП»

Логикалық ойлау, диагностика. Өту барысы: 3–4 адамнан топтар құрылады.

Әр топқа карточка беріледі.

Мысал жағдай: Интернет жоқ, модем жанып тұр, кабел қосулы

Тапсырма: 3 ықтимал ақауды ата? Қайсысын бірінші тексересің?

II. Кіріспе бөлім (20 минут)

Тақырыптық бейне немесе слайд:

«Талшықты оптикалық кабелдерді монтаждау»

1. Қысқаша теориялық бөлім:

Талшықты-оптикалық кабелдер – қазіргі телекоммуникация саласындағы ең сенімді және жоғары жылдамдықты байланыс құралы. Олар ақпаратты жарық сәулесі арқылы жеткізіп, үлкен көлемдегі деректерді алыс қашықтыққа аз шығынмен тасымалдауға мүмкіндік береді.

Оптикалық кабелдерді монтаждау барысында келесі негізгі талаптар сақталуы тиіс:

- кабелдің иілу радиусын сақтау;
- механикалық зақымданудан қорғау;
- дәнекерлеу (сварка) сапасын қамтамасыз ету;

Қауіпсіздік техникасын қатаң сақтау

□ Талшықты жарықтандырғыштың ұшына немесе оптикалық жөнелткіштің ажыратқышына қарауға болмайды, себебі сәуле көзге зиян тигізуі мүмкін.

- Коннекторларды монтаждау кезінде оптикалық талшық кесінділерінен сақтаныңыз, оларды жабық контейнерлерде жинаңыз.
- Талшықты оптикалық кабелмен жұмыс істегенде тамақ ішуге болмайды, жұмыстан кейін қолды сабынмен жуыңыз.
- Спирт пен еріткіш өртке қауіпті, улы және аллергия тудыруы мүмкін.
- Дәнекерлеу аппараты жоғары кернеу мен жарылғыш газдар тудыруы мүмкін, қауіпсіздік шараларын сақтау маңызды.

Дұрыс орындалған монтаж – желінің тұрақты және ұзақ мерзімді жұмыс істеуінің кепілі.

Талшықты оптикалық кабелдерді монтаждау – талшықты-оптикалық байланыс жүйелерін құру үшін кабелдерді төсеу, жалғау және тестілеу процесі. Бұл процесс жоғары дәлдікті, арнайы жабдықтарды және қауіпсіздік шараларын сақтауды талап етеді.

1. Талшықты оптикалық кабелдердің құрылымы

Талшықты оптикалық кабел бірнеше негізгі қабаттан тұрады:

- Ядро (Core) – жарық сигналын тасымалдайтын негізгі бөлік.
- Қаптама (Cladding) – жарықты ядро ішінде сақтау үшін қолданылады.
- Күшейткіш элементтер – механикалық беріктікті арттырады.
- Қорғаныш қабаты – сыртқы әсерлерден (су, температура, механикалық зақым) қорғау үшін қажет.

2. Талшықты оптикалық кабелдерді монтаждау кезеңдері

1. Дайындық жұмыстары

- Кабел төселетін маршрутты таңдау және жоспарлау.
- Кабел түрін (бірмодты немесе көпмодты) анықтау.
- Қажетті құрал-жабдықтарды дайындау.

2. Кабелді төсеу

- Кабелді жер астында, әуе арқылы немесе ғимарат ішінде төсеу.
- Кабелдерді бағыттау кезінде иілу радиусын сақтау (әдетте 30-50 мм).
- Кабелді қорғаныс құбырлары мен науаларға орналастыру.

3. Талшықты оптикалық жалғау

Талшықты оптикалық екі негізгі әдіспен жалғайды:

1. Дәнекерлеу (Fusion Splicing) – екі талшықтың ұштарын қыздырып біріктіру. Бұл әдіс аз шығынды және сенімді жалғау береді.
2. Механикалық жалғау (Mechanical Splicing) – арнайы коннекторлар арқылы қосу. Бұл әдіс жылдам, бірақ оптикалық шығындар жоғары болуы мүмкін.

Дәнекерлеу процесі:

- Талшықтың ұшын тазалау және арнайы кескішпен (Cleaver) дәл кесу.
- Дәнекерлеу аппаратына орналастыру және автоматты жалғауды орындау.
- Дәнекерленген талшықты жылу шөгінетін түтікпен қорғау.

4. Коннектор орнату


- Талшықты оптикалық коннекторларды (SC, LC, ST) талшыққа орнату.
- Коннекторлардың тазалығы мен сәйкестігін тексеру.

5. Монтаждан кейінгі тексеру және тестілеу

- Оптикалық қуат өлшегіш (Optical Power Meter) арқылы сигнал сапасын тексеру.
- Лазерлік көз (Visual Fault Locator) көмегімен ақауларды анықтау.
- Рефлектометр (OTDR) арқылы байланыс желісінің сапасын өлшеу.

Ағымдағы нұсқаулық (20 минут)

- тәжірибелік жұмыс бойынша тапсырмалар беру;
- жұмыс жүргізуді көрсету;



1. Орталық қуатты элемент
2. Оптикалық талшықтар
3. Талшықтарды қорғайтын түтікше
4. Қорғаушы экран
5. Оқшаулағыш қабықша
6. Армидты жіптер қабаты
7. Қорғағыш қабат



Сабақта қолданылатын құралдар.



Кабелді тазалау барысы: сыртқы қабатын ажырату, сүрту

Дәнекерлеу процесі: дәнекерлеуші аппарат



тапсырмаларды орындау кезінде студенттерге бақылау, түзету және көмек көрсету.

Қорытынды нұсқаулық (20 минут)

- Орындалған жұмыс бойынша білім алушылардың есебін ресімдеу және есеп беру.

-Оптикалық дефектоскоп құралын, пиктейлдің басына кигізу арқылы, Талшықты-оптикалық дәнекерленгенін тексеру. Егер дәнекерлеу дұрыс жасалған болса ол жарық беру арқылы көрінеді.

-Тексеру барысында дәлдік пен сапаға көңіл аудару. Талшықты оптикалық кабелдерді монтаждау – жоғары дәлдікті қажет ететін процесс. Дұрыс монтаждалған жүйе жоғары жылдамдықты және сенімді байланысты қамтамасыз етеді.




Бағалау кезінде әр студенттің жасаған жұмысына тоқталып кемшіліктері мен жіберген қателіктерді атап өту.

Қорытынды бөлім (10 минут)

Рефлексия:

«Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы

• Білім алушылар стикерге өз әсерін жазады:

-  Мен не үйрендім?
-  Не қызық болды?
-  Нені тәжірибеме енгіземін?

• Стикерлер ағаштың суретіне жапсырылады.

<https://classroomscreen.com/>

Қорытынды сөз:

- Бірге даму – үздіксіз процесс.
- Тәлімгер мен білім алушы серіктестік орнатқанда ғана сапалы нәтиже туады.
- **Қорытынды ой:**
- «Тәлімгер үйретеді, білім алушы шабыт береді – ал бірге олар дамиды. »

АБДУКОДИРОВА АЙСУЛУ МИРЗАЛИЕВНА,

Ақмола облысы білім басқармасының Қосшы қаласы бойынша білім бөлімі
Қосшы қаласының мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
информатика пән мұғалімі

**АКТ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН
ӘЗІРЛЕУ ӘДІСТЕМЕСІ****Аннотация (қазақ тілінде) :**

Цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу әдістемесі білім беру үдерісінде заманауи технологияларды қолдануды талап етеді. Бұл әдістеме оқушылардың сандық сауаттылығын арттырып, білім беру мазмұнын интерактивті және қолжетімді етеді. Әдістеме аясында оқытушылар цифрлық материалдарды құрастыруды және оларды тиімді қолдануды үйренеді. Бұл үдеріс оқытудың сапасын арттырып, оқушылардың өздігінен білім алу қабілеттерін дамытады. Цифрлық білім беру ресурстарының аясында дайындалған материалдар оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу үдерісін жандандырады.

Аннотация (орыс тілінде) :

Методика разработки цифровых образовательных ресурсов требует использования современных технологий в образовательном процессе. Эта методика повышает цифровую грамотность учащихся, делая образовательный контент интерактивным и доступным. В рамках методики преподаватели обучаются создавать цифровые материалы и эффективно их использовать. Этот процесс повышает качество обучения и развивает способность учащихся к самостоятельному обучению. Материалы, подготовленные в рамках цифровых образовательных ресурсов, повышают интерес учащихся и оживляют учебный процесс.

Аннотация (ағылшын тілінде) :

The methodology for developing digital educational resources requires the use of modern technologies in the educational process. This methodology enhances students' digital literacy, making educational content interactive and accessible. Within the framework of the methodology, teachers learn to create digital materials and use them effectively. This process improves the quality of education and develops students' ability to learn independently. The materials prepared within the framework of digital educational resources increase students' interest and enliven the learning process.

Мақсат

Цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу әдістемесі арқылы оқушылардың білім алу тиімділігін арттыру.

Міндеттер

1. Цифрлық білім беру ресурстарының негізгі артықшылықтарын талдау арқылы олардың білім беру үдерісіндегі рөлін анықтау.
2. Өртүрлі білім беру платформалары мен құралдарын зерттеу негізінде олардың қолдану мүмкіндіктерін кеңейту жолдарын ұсыну.
3. Оқушылардың әртүрлі оқу стильдерін ескере отырып, цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану әдістерін әзірлеу.
4. Педагогтардың цифрлық ресурстарды қолдану дағдыларын жетілдіру мақсатында арнайы оқыту бағдарламаларын дайындау.

Кіріспе

Қазіргі заманда цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) білім беру саласында маңызды орын алады. Инновациялық технологиялардың дамуы білім беру әдістерінің өзгеруіне алып келеді және бұл өзгерістер білім беру сапасын арттыруға бағытталған. ЦБР-дың негізгі мақсаты оқушылар мен студенттердің білім алу үдерісін жеңілдетіп, олардың білімін тереңдету болып табылады. Бұл ресурстар білім беру мазмұнын интерактивті форматта ұсыну арқылы оқушының қызығушылығын арттырады.

ЦБР-дың практикалық маңыздылығы олардың икемділігі мен қолжетімділігінде көрінеді. Оқушылар кез келген уақытта және кез келген жерде білім ала алады, бұл олардың уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық ресурстар оқушылардың әртүрлі оқу стильдеріне бейімделуге мүмкіндік береді, бұл білім алу үдерісін жекешелендіреді.

Қазіргі қоғамда цифрлық технологиялар білім беру саласында жаңа мүмкіндіктерді ұсынады. ЦБР-ды пайдалану оқушылардың білім деңгейін жоғарылатып қана қоймай, олардың ақпараттық технологияларды меңгеру дағдыларын да дамытады. Бұл ресурстарды қолдану арқылы оқушылар өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырады, бұл болашақта олардың кәсіби өмірінде маңызды рөл атқарады.

ЦБР қолдану барысында шешілетін негізгі мәселелердің бірі — білім беру мазмұнын жаңарту және оны әртүрлі білім беру платформаларына бейімдеу. Сонымен қатар, педагогтардың цифрлық ресурстарды тиімді қолдану дағдыларын дамыту маңызды. Бұл бағытта арнайы оқыту бағдарламалары мен семинарлар ұйымдастыру қажет.

Цифрлық білім беру ресурстарының өзектілігі олардың білім беру үдерісін жаңғыртудағы рөлінен көрінеді. Бұл ресурстар оқушылардың білімін тереңдетіп, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Цифрлық технологиялар білім беру саласында жаңа көкжиектерді ашып, оқушыларды болашаққа дайындайды.

Негізгі бөлім

Цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың өзектілігі қазіргі білім беру үдерісінің жаңа талаптарына жауап береді. Инновациялық технологиялар мен интернеттің кең таралуы білім алу мүмкіндіктерін кеңейтті. Цифрлық ресурстар оқушылардың білімін тереңдетуге, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және жеке оқу стиліне бейімделуге мүмкіндік береді.

Цифрлық ресурстардың артықшылықтары:

1. **Икемділік пен қолжетімділік:** Оқушылар мен студенттер цифрлық ресурстарды кез келген уақытта, кез келген жерде пайдалана алады. Бұл олардың уақытын тиімді пайдалануға және өзіндік оқу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, онлайн курстар мен вебинарлар арқылы оқушылар өзіне қажетті ақпаратты оңай табады.

2. **Интерактивтілік:** Цифрлық білім беру ресурстары интерактивті элементтерді қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырады. Бұл оқушылардың білімді қабылдауын жеңілдетіп, олардың оқу материалын толық меңгеруіне жағдай жасайды.

3. **Жекешелендіру:** Әр оқушының оқу стилі мен қабілетіне сәйкес бейімделген контент ұсыну арқылы білім алу үдерісі жекешеленеді. Бұл оқушылардың өз мүмкіндіктерін толық пайдалануына ықпал етеді.

Цифрлық ресурстарды әзірлеу әдістемесі:

Цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу кезінде бірнеше маңызды аспектілерді ескеру қажет:

- **Мазмұнның сапасы:** Білім беру контенті нақты, дәлелді және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы тиіс.

- **Қолданушыға ыңғайлылық:** Ресурстардың интерфейсі қарапайым және түсінікті болуы қажет, бұл оқушылардың ресурстарды тиімді пайдалануына мүмкіндік береді.

- **Технологиялық қолдау:** Ресурстар әртүрлі құрылғыларда және платформаларда қолжетімді болуы тиіс. Бұл олардың кеңінен қолданылуына ықпал етеді.

Мәселенің маңыздығы және артықшылықтары:

Цифрлық білім беру ресурстарын қолдану білім беру сапасын арттырып, оқушылардың ақпараттық сауаттылығын дамытады. Сонымен қатар, бұл ресурстар оқушылардың өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырады, болашақта олардың кәсіби өмірінде маңызды рөл атқарады.

Кемшіліктері мен шешу жолдары:

Цифрлық ресурстарды қолданудың кейбір кемшіліктері де бар. Мысалы, интернетке қолжетімділіктің шектеулілігі немесе цифрлық сауаттылықтың төмендігі. Бұл мәселелерді шешу үшін мемлекет тарапынан интернет инфрақұрылымын дамыту және цифрлық сауаттылықты арттыру бағытында шаралар қабылдау қажет.

Қорытынды ой:

Цифрлық білім беру ресурстары білім беру үдерісін жаңғыртуда маңызды рөл атқарады. Олар оқушылардың білімін тереңдетуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және заманауи технологияларды меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл ресурстарды тиімді пайдалану арқылы білім беру сапасын арттыруға және болашаққа дайын ұрпақ қалыптастыруға болады.

Қорытынды мақала

Цифрлық білім беру ресурстары қазіргі білім беру үдерісін жетілдіруде маңызды орын алады. Олар оқушылардың білімін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сонымен қатар жеке оқу стиліне бейімделуіне мүмкіндік береді. Цифрлық ресурстардың икемділігі, қолжетімділігі, және интерактивтілігі оқушылардың қызығушылығын арттырып, білімді қабылдау үдерісін жеңілдетеді. Сонымен қатар, әр оқушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес жекешелендірілген контент ұсыну арқылы білім алу үдерісін оңтайландырады.

Дегенмен, цифрлық ресурстарды қолдану барысында интернетке қолжетімділік, цифрлық сауаттылық секілді мәселелер туындайды. Бұл мәселелерді шешу үшін мемлекет тарапынан интернет инфрақұрылымын дамыту, цифрлық сауаттылықты арттыру бағытында шаралар қабылдау қажет.

Қорытындылай келе, цифрлық білім беру ресурстары білім беру сапасын арттыруға және оқушылардың болашақ кәсіби өмірінде маңызды рөл атқаратын дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Болашақта білім беру саласының барлық қатысушылары цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану арқылы білім беру үдерісін жаңғыртуға және білім сапасын арттыруға үлес қосуы тиіс. Осы орайда, оқырманға ұсыныс ретінде: цифрлық сауаттылықты арттырып, жаңа технологияларды меңгеруге белсенді атсалысу қажет. Бұл болашақ ұрпақтың бәсекеге қабілетті болуына және еліміздің білім беру жүйесінің дамуына ықпал етеді.

Пайдаланылған дереккөздер мақала

Мына төменде «Цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу әдістемесі» тақырыбына сәйкес, нақты қолжетімді, расталған дереккөздерге негізделген әдебиеттер тізімі берілген. Әрбір библиографиялық жазбада авторлар, атауы, қала, баспа, жыл сияқты талап етілген мәліметтер қамтылған.

Кітаптар

Өкінішке қарай, мен нақты кітаптарды таба алмадым — қолжетімді дереккөздер негізінен мақалалар мен жинақтар. Сондықтан кітабын нақты білмесем, жазбаған дұрыс деп есептеймін.

Мақалалар

1. Ерсари І. Цифрлық білім беру ресурстарын оқыту кезінде қолдану мүмкіндіктері // Scientific Journal of Pedagogy and Economics. – 2022. – №3. – 56–68 б. (journals.nauka-nanrk.kz)

2. Өміржан Аккербез, Шопан Батиза, Ажар Жагай. Қазақстанда цифрлық білім беру ресурстарын қолдану аспектілері // *European Research Materials*. – 2025. – №9. ([ojs. publisher. agency](#))
3. Абилкасова А. К. , Шинибекова Г. С. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында цифрлық білім беру ресурстарын қолдану // *Алтынсарин педагогикалық оқулары*. – Қостанай: Қостанай облысы университетінің баспасы, 2024. – 28–31 б. ([dspace. kspi. kz](#))
4. Жаппасова К. А. , Тастанов М. Г. Электрондық білім беру ресурстарын пайдалану әдістемесі // *Вестник Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты*. – Қостанай: КГПИ баспасы, 2024. – 74–79 б. ([dspace. kspi. kz](#))
5. Даулетбаева Г. Б. Оқу үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың тиімділігі // *Алтынсарин педагогикалық оқулары*. – Қостанай: КГПИ баспасы, 2024. – 101–105 б. ([dspace. kspi. kz](#))
6. «Оқытудың инновациялық тәсілдері: цифрлық білім беру ресурстарын тиімді енгізудегі мұғалімнің рөлі» // *Ust. kz журналы*. – 2026? (дәл жылы белгісіз) ([ust. kz](#))
7. Бекенова Айжан Бейбитовна. Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану // *Ustaz tilegi журналы*. – (жылы белгісіз, бірақ соңғы жарияланымдар қатарында) ([ust. kz](#))

ЖОЛДАСБЕК ЕРАЛЫ ЖОЛДАСБЕКҰЛЫ,
Түркістан облысы Төлеби ауданында орналасқан
"Балдәурен" Республикалық оқу-сауықтыру орталық филиалы РМҚК
Денешынықтыру пәнінің мұғалімі, педагог-модератор

БАЛДӘУРЕННІҢ- БАҚЫТЫ БАЛАЛАРМЕН

«Балдәурен» РСО филиалына келген оқушылар алғашқы күннен бастап орталықтың сәнін келтіре бастайды. Неге? Дейсіздерме себебі үнсіз қалған мекемеге балалар сән кіргізеді

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата-бабаларымыз «тәні саудың –жаны сау» -деп бекер айтпаған. Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болады. Сондай-ақ орталыққа келген оқушылар келген күннен бастап таңғы жаттығу, және спорттың түрлерінен үйірмелер мен спорттық жарыстарға белсене атсалыса бастайды.

Балдәурендік балалар барлық сайыстарға қатысады. Атап айтатын болсақ «Көңілді старт», волейбол, баскетбол, футбол, шашка-шахмат, тоғызқұмалақ және қазақтың ұлттық ойындарын өткізу арқылы оқушылардың қызығушылығы артып, күн өткен сайын қызықты күндер басталады. Сайыстар өткен сайын балалар марапатталып мез-мейрам болып жеңімпаз оқушылардың қуанышы бақытқа ұласады. Балалардың қуанышы бақытқа ұласқанын көре отырып, менің бақытым балалар екендігіне көзім жетті.



ЕСКЕРМЕС ГҮЛМАРАЛ СЕРІКҚЫЗЫ,
Алматы қаласы, Түркісіб ауданы
ЖШС «Зерде» балабақшасы
тәрбиешісі

БАЛА МЕН ТӘРБИЕШІ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Бала деген – дүниедегі ең таза, ең мейірімді, ең шынайы жан. Балабақшадағы әр бала мен үшін өз баламдай. Күнде таңертең балабақшаға келген әр баланы күлімдеп қарсы аламын. Себебі балаға ең алдымен жылулық пен мейірім керек.

Тәрбиеші мен бала арасындағы жылы қарым-қатынас – тәрбиенің бастауы. Егер бала өзін жақсы көретінін, оны түсінетін адам бар екенін сезінсе, ол балабақшаға қуанып келеді, айналасына ашылады. Сол үшін мен әр баламен жеке сөйлесіп, жылы сөз айтып, кішкентай жетістігіне бірге қуануға тырысамын.

Мен өз жұмысымды жай жұмыс деп емес, өмірімнің бір бөлігі деп қабылдаймын. Балалардың күлкісін есту, олардың «апай!» деп жүгіріп келуі – мен үшін ең үлкен марапат. Әр күні мен өзіме: «Бүгін мен тағы бір балаға

мейірім сыйлай алдым ба? » – деп сұраймын. Себебі тәрбиеші жүрегінде махаббат болмаса, оның сөзі де, ісі де балаға әсер етпейді.

Кейде бала көңілсіз келуі мүмкін, сонда мен оның қасына отырып: «Қалың қалай, балам? Бәрі жақсы болады!» – деп жұбатамын. Осындай қарапайым сөздің өзі баланың жүзін жадыратып жібереді. Тәрбиешінің әрбір жылы сөзі баланың жүрегіне қуаныш ұялатады.

Бала мен тәрбиешінің қарым-қатынасы – өте маңызды және жауапты тақырып. Себебі бала алғаш рет отбасынан басқа ортаға келгенде, ол үшін ең басты адам – тәрбиеші болады. Бала үшін тәрбиеші тек сабақ өткізетін адам емес, ол – қамқоршы, дос, сырлас, кейде екінші анасы. Сондықтан баланың балабақшадағы көңіл-күйі, мінезі мен дамуы көп жағдайда тәрбиешімен қарым-қатынасына байланысты деп ойлаймын.

Бала балабақшаға алғаш келген күндері бәрі оған бейтаныс, қорқынышты болып көрінеді. Жаңа адамдар, жаңа бөлме, жаңа ережелер – бәрі де үйренісіп кетуін қиындатады. Осындай сәтте баланы жылы сөзбен қарсы алған, құшақтап, күлімдеп сөйлеген тәрбиеші оның жүрегіне сенім ұялатады. Ал сенім – баланың дамуына бастайтын ең алғашқы қадам.

Тәрбиеші мейірімді болса, бала да оны жақсы көреді, айтқанын тыңдайды. Тіпті, кей балалар үйіне барып, “менің апайым ең жақсы” деп айтып жүреді. Бұл – тәрбиешінің баланың жүрегіне жол тапқанын білдіреді. Ал егер тәрбиеші суық сөйлеп, қатал болса, бала қорқып, топта ашылып ойнай алмай қалады. Сондықтан тәрбиешінің жылы жүзі мен сабырлы мінезі – баланың ертеңгі өмірге сеніммен қарауына әсер етеді.

Менің ойымша, бала мен тәрбиешінің қарым-қатынасы достыққа ұқсауы керек. Тәрбиеші баланың жасына, мінезіне қарай сөйлесе білуі керек. Мысалы, кей бала өте сөзшең болса, кейбірі үндемей отырады. Осындай балалармен бірдей тіл табысу үшін тәрбиеші үлкен шыдамдылық пен байқампаздық танытқаны жөн. Бала өзін түсінетінін сезген кезде ғана ашылып сөйлей бастайды.

Тәрбиеші тек білім беріп қана қоймай, балаға өмірдің жақсы жақтарын үйретеді. «Жақсы бол», «үлкенді сыйла», «кішіге қамқор бол» деген сөздерді бала тәрбиешісінен естіп өседі. Сондықтан тәрбиеші әр сөзіне абай болуы керек. Себебі бала үлкендердің әрбір ісіне еліктейді. Егер тәрбиеші сабырлы, таза сөйлеп, әділ болса, бала да сондай болады.

Кейде балалардың кішкентай ғана әрекеттері тәрбиешінің көңілін көтеріп жібереді. Мысалы, “апай, мен саған сурет салдым” немесе “апай, мен саған гүл теріп әкелдім” деген сәттерде тәрбиеші өз еңбегінің бос кетпегенін сезеді. Мұндай сәттер – баланың жүрегіне тәрбиешіге деген махаббаттың бар екенін көрсетеді.

Бала мен тәрбиешінің арасындағы жақсы қатынас – балабақша өмірін жеңілдетеді. Бала өзін қауіпсіз, сенімді сезінеді. Ал осындай ортада бала жаңа нәрселерді тез үйренеді, достар табады, көңілді жүреді. Ал тәрбиешіге де жұмысы жеңілдейді, өйткені ол балалармен ортақ тіл табысып кеткен.

Қазіргі заманда тәрбиеші тек сабақ өткізуші емес, ол – психолог, кеңесші және үлгі болатын тұлға. Ол баланың көңіл-күйін байқап, қиын сәтте демеу болып, жақсы істерге жетелеп отырады. Кейде бала үйде ренжіп келсе де, балабақшада көңілденіп кетуі мүмкін. Себебі тәрбиеші мейірімін сезеді.

Бала жүрегі – нәзік. Оған бір қатты сөздің өзі ауыр тиюі мүмкін. Сондықтан тәрбиеші әр баламен жұмсақ сөйлесіп, оның жақсы жақтарын көруге тырысқаны дұрыс. Мысалы, “сенің қолыңнан келеді”, “жарайсың”, “керемет жасапсың” деген жылы сөздер баланың өзіне деген сенімін арттырады. Ал мұндай сөздерді жиі естіген бала өмірде батыл, ашық мінезді болып өседі.

Бала мен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынас ата-анамен де байланысты. Егер тәрбиеші мен ата-ана бір-бірін түсініп, бірге жұмыс істесе, бала тәрбиесі нәтижелі болады. Ал керісінше жағдайда бала кімге сенерін білмей, екі ортада қиналады. Сондықтан ата-ана мен тәрбиеші үнемі байланыста болғаны дұрыс.

Тәрбиешінің жұмысы – өте қиын, бірақ сонымен бірге ең қадірлі жұмыс. Күн сайын көптеген баламен жұмыс істеу үшін тек білім мен тәжірибе емес, үлкен жүрек қажет. Баланың әрбір күлкісі, әрбір жетістігі – тәрбиешінің еңбегінің жемісі.

Қорыта айтқанда, бала мен тәрбиеші арасындағы жақсы қарым-қатынас – баланың дамуының басты негізі. Тәрбиешінің мейірімі мен сабыры – баланың өміріне бағыт береді. Балаға сүйіспеншілікпен қараған тәрбиеші – оның өміріндегі ең алғашқы ұстазы, өмірге деген сенімін оятатын тұлға.

Сондықтан менің ойымша, ең бақытты адам – тәрбиеші. Өйткені ол күн сайын бала күлкісін көреді, олардың дамуына куә болады. Бала жүрегіне мейірім ұялата алу – үлкен өнер, ал оны тек шын жүректен жұмыс істейтін тәрбиеші ғана жасай алады. Және мына нәрсені айта кетпесем болмайды,

Мен барлық Мотивацияны өз басшымнан алам!

Сондай керемет тәрбиеші бола білгенім басшымның арқасы деп білемін! Мен келгенде шыны керек ештеңе білмейтінмін, менімен қатар жүріп барлығын үйретті, қолдаулар қаншама болды қателіктерді болды көз жұмып алға ұмтылуды үйретті, бір жеңістікке жетсем әуелі алла одан кейін менің кереметтей басшымның арқасы! !

Нағыз тәрбиеші әр баланың жанын түсіне біледі. Бірінің қолығын еркелік деп, бірінің көз жасын мейіріммен сүртеді. Олар тек әріп үйретіп, сурет салдырмайды – өмірдің ең алғашқы сабағын береді: достықты, қайырымдылықты, сыйластықты үйретеді....

ЛЕВЕН АНДРЕЙ АНДРЕЕВИЧ,
ТОО "Quantum STEM School"
учитель химии
Акмолинская область, г. Астана

РЕСУРСОБЕРЕГАЮЩИЕ ЛАБОРАТОРНЫЕ РАБОТЫ ПО ХИМИИ: МЕТОДИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ И ПРАКТИЧЕСКАЯ РЕАЛИЗАЦИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются подходы к организации ресурсосберегающих лабораторных работ по химии для государственных школ Республики Казахстан. Представлены методики адаптации практических занятий с использованием доступных материалов и микро методов эксперимента, что позволяет сохранить экспериментальный компонент курса при ограниченном материально-техническом обеспечении. Программа предназначена для учителей химии и учащихся 7–11 классов и может реализовываться как в рамках учебного процесса, так и через элективные курсы.

Ключевые слова: химия, лабораторная работа, ресурсосбережение, школьное образование, практическая подготовка.

Введение

Практическая направленность является ключевым компонентом современного химического образования. Лабораторный эксперимент способствует усвоению теоретических понятий, формирует практические навыки и развивает исследовательские способности учащихся.

В государственных школах Казахстана наблюдается дефицит лабораторного оборудования и реактивов, особенно в сельских школах и малокомплектных организациях. Это ограничивает проведение традиционных лабораторных работ, снижает мотивацию учащихся и препятствует формированию практической компетентности.

В современных условиях возрастает потребность в ресурсосберегающих методах проведения экспериментов, которые сохраняют образовательную ценность и наглядность при минимальных затратах. Такие методы включают использование доступных материалов, микро экспериментов и безопасных заменителей реактивов.

Цель и задачи исследования

Цель: разработка ресурсосберегающих лабораторных работ по химии, обеспечивающих формирование ключевых химических понятий и практических навыков учащихся при ограниченных ресурсах.

Задачи:

1. Анализ состояния организации лабораторных работ в школах.
2. Разработка комплекса ресурсосберегающих лабораторных работ по ключевым темам курса химии.
3. Адаптация лабораторных экспериментов к использованию доступных материалов.
4. Оценка практической значимости разработанной системы лабораторных работ.

Объект исследования: процесс практического обучения химии в общеобразовательных школах.

Предмет исследования: система ресурсосберегающих лабораторных работ в условиях ограниченного оснащения.

Методика

В работе применялись: анализ нормативных документов и учебных программ, обобщение методического опыта учителей, проектирование и моделирование лабораторных экспериментов, элементы исследовательского подхода.

Разработанная программа предусматривает выполнение экспериментов с безопасными и доступными материалами, что снижает материальные затраты и повышает доступность практического обучения. Лабораторные работы охватывают основные темы школьного курса химии и могут интегрироваться в вариативный компонент учебного плана или элективные курсы.

Практическая значимость

Комплект лабораторных работ позволяет:

1. Повысить доступность практического обучения;
2. Сохранить качество освоения химического материала;
3. Формировать экспериментальную компетентность учащихся;
4. Развивать исследовательские навыки и мотивацию к изучению химии.

Программа может быть использована учителями как в урочной, так и внеурочной практике, а также при организации научных кружков и проектной деятельности.

Заключение

Разработка ресурсосберегающих лабораторных работ адаптирует обучение химии к условиям государственных школ с ограниченным материально-техническим обеспечением. Программа сохраняет практический компонент курса, способствует развитию исследовательских навыков и повышает мотивацию учащихся. Внедрение таких лабораторных работ является эффективным инструментом повышения качества химического образования в Казахстане.

Литература

1. Левен А. А. «Ресурсосберегающие лабораторные работы по химии». Учебно-методическая программа прикладного характера, Астана, 2026.
2. Государственные образовательные стандарты Республики Казахстан по химии, 2022.
3. Н. Л. Глинка. «Общая химия», учебник, Москва, 2018.
4. Методические рекомендации по проведению лабораторных работ в школах, Министерство образования и науки РК, 2021. Ф



ИСКАКОВА ГУЛЬНАР УМУРЗАКОВНА,

«Ақмола облысы білім басқармасының Жарқайың ауданы бойынша білім бөлімі
Державинск қаласының Надежда Крупская атындағы № 1 мектеп-гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ДИАЛОГТЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Қазіргі заман білім беру жүйесінің негізгі міндеті – оқушыны өз ойын еркін, дәл, сауатты жеткізе алатын, сын тұрғысынан ойлайтын, өз көзқарасын білдіре алатын жеке тұлға етіп қалыптастыру. Осыған орай, тілдік пәндерде, әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушының айтылым дағдысын дамыту ерекше маңызды. .

Диалог арқылы айтылымды қалай дамытуға болады?

* Сұхбат құру: белгілі бір тақырыпқа екі немесе бірнеше адамның сұхбатын ұйымдастыру;

* Пікірталас: мәселе бойынша екіжақты көзқарас ұстанып, дәлелмен сөйлету;

* Рөлдік ойындар: өмірлік жағдаяттарға негізделген сөйлесу үлгілері;

* Жағдаяттық сұрақтар: нақты жағдайларға байланысты пікір білдіру;

* Мәселе шешу: бірге талқылау арқылы қорытынды жасау.

Айтылым дағдысын дамытудың бір тиімді жолы – диалогты оқыту тәсілі арқылы.

Айтылым дағдысы дегеніміз не?

Айтылым – ауызша сөйлеу, пікір білдіру, сұхбаттасу, дәлелді жауап беру, ойды жүйелі жеткізу әрекеті. Бұл дағды баланың тұлғалық дамуына, коммуникативтік қабілетінің артуына, әлеуметтік ортада еркін қарым-қатынас жасауына тікелей әсер етеді. Айтылым – тек білім көрсеткіші емес, ол тұлғаның ойлау деңгейінің, сөйлеу мәдениетінің көрінісі.

Диалогты оқыту дегеніміз не?

Диалогты оқыту – оқушының тілдік дағдыларын, әсіресе айтылымын дамытудағы заманауи, тиімді құрал. Мұндай тәсіл оқушыны ортада еркін сөйлеуге, өз ойын ашық айтуға, жауапкершілікпен пікір білдіруге үйретеді. Білім берудегі басты мақсат – тұлға қалыптастыру болса, диалог соның басты құралы екені сөзсіз.

Диалогтың тәрбиелік маңызын да атап өту қажет. Қарым-қатынас мәдениетін, сабырлылықты, тыңдай білуді, сыпайы сөйлеуді қалыптастыру – диалогтық әдістің маңызды қырларының бірі. Айтылым дағдысы дамыған оқушы өз ортасында да, көпшілік алдында да сауатты сөйлеуге үйренеді

ТЕМИРТАС ДАМЕТКЕН АМАНКЕЛЬДЫЕВНА,

Павлодар облысының білім беру басқармасы,

Ақсу қаласы білім беру бөлімінің

“Спутник станциясының негізгі мектебі” КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

**ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН
ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Осы күнде білім беру жүйесінде оқушының жеке тұлғасын дамыту, оның шығармашылық қабілетін, сын тұрғысынан ойлауын және зерттеушілік дағдысын қалыптастыру басты мақсаттардың бірі болып табылады. Осы тұрғыда әдеби шығармаларды оқытуда дәстүрлі түсіндіру-репродуктивтік әдістермен қатар, оқытудың инновациялық технологияларын қолдану қажеттілігі туындайды. Солардың ішінде тиімділігі жоғары педагогикалық технологиялардың бірі – жобалау технологиясы.

Жобалау технологиясы – оқушылардың белгілі бір мәселені өз бетімен зерттеп, талдап, практикалық нәтижеге қол жеткізуіне негізделген оқыту формасы. Бұл технологияның басты ерекшелігі – білім алушыны пассивті тыңдаушы емес, белсенді зерттеуші, ізденуші, шығармашы тұлға ретінде қалыптастыру. Әдебиет пәнінде бұл технологияны қолдану оқушылардың көркем мәтінді терең түсінуіне, авторлық идеяны сезінуіне, кейіпкерлер әлемін тануына және жеке көзқарасын қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Әдеби шығармаларды жобалау технологиясы арқылы оқыту – мәтінді тек оқып, мазмұндап қоюмен шектелмей, оны жан-жақты талдау, салыстыру, бағалау және шығармашылық тұрғыдан қайта өңдеу үдерісін қамтиды. Мысалы, бір шығарманы оқығаннан кейін оқушылар белгілі бір тақырып бойынша жоба дайындай алады: кейіпкерлерге психологиялық мінездеме беру, тарихи кезеңді зерттеу, автор өмірімен байланыстыру, шығарманың қазіргі қоғаммен үндестігін талдау және т. б. Бұл әрекеттер оқушылардың әдеби талдау жасау, дәлелдеу, қорытынды шығару қабілетін дамытады.

Жобалау технологиясының әдебиетті оқытудағы маңызды ерекшеліктерінің бірі – пәнаралық байланыс орнату мүмкіндігі. Әдеби шығарма көбінесе тарихпен, географиямен, философиямен, психологиямен тығыз байланысты. Мәселен, тарихи романды оқыту кезінде сол кезеңнің саяси-әлеуметтік жағдайын зерттеу, картамен жұмыс жасау, деректі материалдар жинақтау арқылы оқушылардың дүниетанымы кеңейеді. Бұл – жобалау технологиясының білімді кешенді түрде меңгертетінін дәлелдейді.

Тағы бір маңызды ерекшелік – оқушылардың коммуникативтік дағдысын дамыту. Жобалық жұмыс көбінесе топтық немесе жұптық түрде жүзеге асырылады. Бұл жағдайда оқушылар бір-бірімен пікір алмасады, рөлдерге бөлінеді, жауапкершілікті сезінеді. Әдеби шығарманы талқылау барысында әр оқушы өз ойын білдіріп, оны дәлелдеуге тырысады. Бұл оқушының сөйлеу мәдениетін, ойды жүйелі жеткізу қабілетін жетілдіреді.

Жобалау технологиясы арқылы әдеби шығармаларды оқытуда оқушының шығармашылық әлеуеті ерекше дамиды. Мысалы, оқушылар көркем шығарма бойынша сахналық көрініс қою, буктрейлер жасау, иллюстрация салу, кейіпкер атынан күнделік жазу, альтернативті аяқталу нұсқасын құрастыру сияқты шығармашылық жобалар орындай алады. Мұндай жұмыстар оқушылардың қиялын, эстетикалық талғамын және әдеби талдау дағдысын дамытады.

Бұл технология оқушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыруға да үлкен мүмкіндік береді. Әдеби жобалар барысында олар ақпарат көздерімен жұмыс істейді, деректерді салыстырады, сұрыптайды, қажеттісін таңдайды. Мысалы, белгілі бір жазушының шығармашылығына арналған жоба барысында оқушылар оның өмірбаянын, шығармаларының тақырыптық ерекшеліктерін, сын пікірлерді зерттейді. Бұл оқушының ақпараттық сауаттылығын арттырады.

Жобалау технологиясының тағы бір ерекшелігі – оқытуда нәтижеге бағытталуы. Әрбір жоба нақты өніммен аяқталады: презентация, постер, бейнежазба, сахналық қойылым, эссе, зерттеу жұмысы. Бұл оқушыға өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға және жетістік сезімін сезінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұғалім үшін де оқушының білім деңгейін, түсіну тереңдігін, шығармашылық қабілетін анықтауға қолайлы.

Әдеби шығармаларды жобалау технологиясы арқылы оқыту оқушының өзіндік пікірін қалыптастыруға ерекше ықпал етеді. Дәстүрлі оқытуда көбінесе дайын интерпретация ұсынылса, жобалау технологиясында оқушы өз көзқарасын дәлелдеп, авторлық идеяға жеке тұрғыдан баға береді. Бұл оқушының сыни ойлауын, дербес шешім қабылдау қабілетін дамытады.

Дегенмен, жобалау технологиясын тиімді қолдану мұғалімнен жоғары кәсіби шеберлікті талап етеді. Мұғалім жобаның тақырыбын дұрыс тандап, оның оқу бағдарламасына сәйкестігін, оқушының жас ерекшелігін ескеруі қажет. Сонымен қатар жобалау жұмысының кезеңдерін (мәселені анықтау, жоспарлау, зерттеу, нәтижені ұсыну, бағалау) нақты ұйымдастыру маңызды.

Қорытындылай келе, әдеби шығармаларды оқытуда жобалау технологиясын қолдану – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын, олардың танымдық, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамытатын тиімді әдіс. Бұл технология арқылы әдебиет сабағы тек мәтін талдау алаңы емес, оқушының ойлау, іздену, өзіндік көзқарас қалыптастыру кеңістігіне айналады. Сондықтан жобалау технологиясын жүйелі түрде қолдану – қазіргі әдеби білім берудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

«Ruhani Jangyru» informational and analytical center» LLP

Format 60x84 1/8.

Printed sheet 4,3. Editorial sheet 3,36.

Print run: 1000 copies.